




ШАРТАРАП
БЕЛАРУСЬ
БЕРЕКЕСІ
НЕГЕ КЕТТІ?
7-БЕТТЕ



ҰЛТ ҰПАЙЫ
ҚАЗАҚ ЖЕРІ
ҚАЛАЙ
ШЕГЕНДЕЛДІ?
8-9-БЕТТЕРДЕ



СУРЕТ СЫРЫ
ШӘМШІ
ЖӘНЕ
ЖЕЗҚАЗҒАН
16-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКААЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




ASTANA



№98 (4067) | Бейсенбі | 20 тамыз 2020 жыл


AQSHAMY



ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТТЕН ДЕ ҚАУІПТІ

Жемқорлық деген жегіқұртпен күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі болмақ. Бұл туралы кеше арнайы кеңес өткізген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді. Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу. Ең бастысы, ел басшысы миллиардтаған ақшаның ұрланып, кінәлі адамдардың ұсталғаны жөніндегі есептің пайдасы жоқтығына тоқталды. Алдағы уақытта елдің қауіпсіздігі мен экономика өркендеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі, нәтижелі іске асырылуы тиіс.

(2, 10-беттер)



Карикатурашы: Ғалым Смағұл

COVID-19
ҚАЗАҚСТАНДА

АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР:	103 571
ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР:	86 286
ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР:	1 415



Нұр-Сұлтан қаласының айналасындағы азық-түлік белдеуі шеңберінде Ақмола облысында 41 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Жобаның жалпы құны – 47 млрд теңге.

Өңірдің ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері астана базарларына 85,4 мың тонна сүт өнімдерін, 17,2 мың тонна ет өнімдерін, 184,2 миллион дана жұмыртқа жеткізді. Азық-түлік белдеуі шеңберінде қолға алынған жобаларды жоспарланған мерзімде іске қосу жоспарланып отыр.



Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеп жүрген жас мамандарды «Еңбек» бағдарламасы аясында «Жастар тәжірибесі» бағыты бойынша жұмысқа орналасуға шақырады. Төленетін еңбекақы 89 540 теңгені құрайды.

Бұл – соңғы үш жылда оқу бітірген түлектерге арналған жұмыссыз жастарға арналған бағдарлама. Жұмысқа тұрушының жасы жиырма тоғыздан аспауы тиіс. Жастар практикасы – уақытша жұмыс. Ұзақтығы алты айдан аспайды. Егер маман өзін дәлелдесе, онда тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндігі болады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 468.66 \$ USD/KZT 412.55 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 58.80

www.astana-akshamy.kz

41870223050016

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo



ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорда әкімі Алтай Көлгіновті қабылдады. Президентке Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық ахуалы және инфрақұрылымдық даму барысы туралы мәлімет берілді.

Қала әкімінің пандемиямен күрестің негізгі қорытындылары туралы есебі тыңдалды. Оның айтуынша, коронавирустық инфекцияға байланысты бір тәуліктегі жедел жәрдем шақыру 500-ден 11-ге дейін, инфекциялық стационарлардың жүктемесі 4 мыңнан 283 науқасқа дейін азайған.

Алтай Көлгіновтің мәліметінше, қала күзде болуы ықтимал инфекциялардың таралуына дайындық жұмыстарын бастап кетті. Атап айтқанда, дәрі-дәрмектердің қоры жинақталып, қажет жағдайда стационарларда қосымша орындар жасақталады. 511 оттегі концентраторлары қосымша сатып алынды, қазір жалпы 1435 аппарат бар.

Қазір өкпені жасанды тыныстандыратын 414 аппарат бар. Сондай-ақ, 600-ден астам флуометрлер, 500 ар-

найы төсек-орындар сатып алынды. Жедел жәрдем стансалары 24 жаңа көлікпен қамтамасыз етіледі.

Кездесуде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары да сөз болды. Қала әкімі Мемлекет басшысына биыл 20 мың оқушыға арналған 12 мектеп пайдалануға берілетінін айтты. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға 34500 компьютер, мектеп киімі және оқушының құрал-жабдықтары беріледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы одан әрі дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы үлескерлік құрылыс, жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестицияларды тарту, тұрғын үйлердің инфрақұрылымдарын жаңарту мәселелерін шешудің маңыздылығын атап өтті.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндеттер атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сарптау жұмыстары күшейтілді.

Өткен жылмен салыстырғанда жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 11 пайызға артқан, яғни 820-дан 912-ге өскен. Transparency International ұйымының 2019 жылы өткізген сауалнамасының қорытындысы бойынша азаматтардың 28,7 пайызы мемлекеттік ауруханалар мен емханаларды сыбайлас жемқорлықтың ордасы деп атаған. Бұл басқа мемлекеттік мекемелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары, мысалы, полиция – 11,3 пайыз, жер қатынастары басқармасы – 7 пайыз, мемлекеттік балабақшалар – 6,9 пайыз. Өз денсаулығына алаңдап ауруханаға барған адамның қажетті медициналық көмек алу үшін кімге қанша ақша берем деп уайымдауына жол беруге болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың табысы азайып, экономиканы қолдауға бағытталған қаржыны жымқыру тәуекелі артқан пандемия кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті.

Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек. Әзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің сөзінше, медицина саласындағы сыбайлас жемқорлықты тексеру және әшкерелеу жұмыстары пандемия шарықтау шегіне жетіп, дәрі жетпей жатқандан кейін ғана басталған. Цифрландыру жүйесіндегі заң бұзушылықтар ондаған миллиард ақша шығындалғандан кейін барып қозғалған. Бүгінде білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік нысандарға қыруар қаржы бөлініп жатыр.



Бір жылдан кейін осы салаларға бөлінген қаржы жымқырылды, ал жауапты министрліктер көштің соңында қалды демейтімізге нақты сенімді болуымыз керек. Миллиардтаған қаржы қолды болып кеткеннен кейін, халыққа кінәлі адамдардың ұсталғаны туралы әдемі рапорт бергеннің түкке де керекі жоқ. Бұл бағыттағы жұмысты түбірімен қайта құру керек деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметінің барлық бағыттағы жұмыстарына жаңа серпін беру керек деп санайды. Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі әрекетсіздік халықтың наразылығын тудырып, құқықтық нигилизмге әкеп соғады. Дегенмен жемқорлыққа қарсы белсенді күрестің соны науқаншылыққа ұласып кетпеуі керек. Сонымен қатар бұл жауапты және заңға бағынатын мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына кері әсер етпеуі тиіс.

Мемлекет басшысы деректер қорын одан әрі интеграциялау және мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды жеделдетуге баса мән беруді тапсырды. Бас прокуратура кәсіпкерлерді дәлелсіз қылмыстық қудалау фактілеріне жол бермеуі керек.

Өткен жылғы Жолдауымда заңды бизнеске кедергі келтіру аса ауыр мемлекеттік қылмыс екенін айтқан едім. Мұны барлық құқық қорғау органдары, оның ішінде, Бас прокуратура ескеруі тиіс. Кәсіпкер мен инвесторлар сыбайлас жемқорлық қысымынан берік қорғалғандарын сезінуі тиіс, – деп атап өтті Президент.

Бұған қоса сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің барлық салалары бойынша қатаң қоғамдық бақылау жүргізілуі тиіс.

Адамдар әлі де жоғары оқу орындарын-

да, колледждерде, тіпті мектептердегі сыбайлас жемқорлықты айтып шағымданады. Жемқорлық азаматтарымыздың бойына сіңіп, тіпті, қоғамның қалыпты құбылысына айналып кетуі мүмкін. Басты мәселе – осы. Ал кәсіпкерлер жер комитеті, өртке қарсы қызмет, салық және кеден органдарын жемқорлық жайлаған деп есептейді. Жолдың сапасына байланысты да жұртшылық қатты алаңдаулы. Сондай-ақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы маған су шаруашылығы саласында айтарлықтай түйткілдер бар екенін хабарлады. Міне, осы мәселелер бойынша қоғамдық бақылау тетігі жұмыс жасауға тиіс. Бұл шараға үкіметтік емес ұйымдарды тартқан жөн. Оларды нормативтік-құқықтық актілерді сараптау ісіне қатыстыру керек, – деген тапсырма берді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент кеңесті қорытындылай келе, ел қауіпсіздігі мен халықтың амандығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жүйелі әрі табанды шараларды іске асыруға байланысты екенін атап өтті. Президент Үкіметке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігінің ұсыныстарын толық пысықтау үшін бір ай уақыт берді.

Кеңесте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары Бағдат Мусин, Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтемов пен Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев есеп берді.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Ақылбек КҮРІШБАЕВ, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры:

“”

Пандемия мен экономикалық дағдарыс кадрлар даярлаудағы мемлекеттік саясаттың кемшіліктері мен кәсіпкерлерінің бетін ашты. Егер еліміз жоғары оқу орындарында кадрлар даярлаудың қолданыстағы жүйесін дамыған елдердегі сияқты өндіріс қажеттіліктеріне, жұмыс берушінің сұранысына қарай қайта бағдарламаса, осы бөлінген қаржы «құмға сіңген судай» болады!

(19.08.2020 ж. еліміздегі білім беру жүйесіндегі өзгерістерге қатысты айтқан пікірі)

ПРАЙМЕРИЗ ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІЛІГІН АНЫҚТАЙДЫ

«Nur Otan» партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Алтай Көлгінов партияшылық сайлау – праймериз астанада қалай басталғаны туралы айтты. Бүгінде праймеризге қатысуға 40-тан астам азамат өтініш берді. Олардың 9-ы – әйел, 20-сы – 35 жасқа дейінгі жастар.

Еліміздің саяси тарихында тұңғыш рет праймериз республикалық партияшылық сайлау ауқымында өтеді. 2019 жылы «Nur Otan» партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Тұңғыш Президент – Елбасы ұсынған «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасы іске қосылды. Басым бағыттардың бірі – «ядролық электоратты» шоғырландыру. Басты міндет – қала тұрғындары мен қала үшін қажет бастамалардың басында болатын қоғамның ең белсенді және беделді мүшелерін біріктіру.

Бұл ашық партияшылық сайлау – праймериз маңызды міндеттерді орындауға серпін береді.

Нұрсұлтан Әбішұлы атап өткендей, праймериз – әр тұрғынға өз үлесін қосуға, қала мен елдің дамуына өзінің көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік лифт. 17 тамызда басталып, 2020 жылдың 3 қазанында аяқталатын праймериз барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне немесе мәслихаттарға алдағы сайлауға партиялық тізімдер жасалады. Еліміздің барлық аймақтарындағы партия

мүшелері қоғамның жоғары сенімі мен қолдауы бар ең беделді партия жетекшілерін дербес анықтайды, – деді Алтай Көлгінов.

Жалпы, елордада праймеризге 42 мыңнан астам партия мүшелері дауыс береді. Дауыс беру 1-2 қазан күндері онлайн режимде өтеді. Белгілі бір себептермен ғаламторда дауыс бере алмайтын партия мүшелері үшін 3 қазан күні 39 сайлау учаскелері ашылады. Олардың әрқайсысы бейнебақылау жүйесімен, компьютерлік техникамен және сайлаудың ашықтығын қамтамасыз ететін басқа да атрибуттармен жабдықталады.

Нұр-Сұлтан қаласы қалалық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 34-бабы 4-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Күршібаев Ақылбек Қажығұлұлымен сайлау қоры құрылғанын хабарлайды.

Сайлау қорының жалпы сомасы 210 000 (екі жүз он мың)

теңге, депутаттыққа кандидаттың жеке қаражаты.

«Қазақ радиосының» эфирінде кандидаттың бағдарламасын орналастыру, үгіт-насихат жарнама роликтін шығару бойынша қызмет үшін төлемге жұмсалды.

В.РЕДКОКАШИН,
қалалық сайлау
комиссиясының төрағасы

ҚОС КӨПІР ЖАҒАЛАУЛАРДЫ ЖАЛҒАЙДЫ

» Елордадағы көшелерге түсетін шамадан тыс жүктемені азайту үшін жолаырықтар, көпірлер мен өткелдер салынып жатыр. Биыл 150 көше жөнделіп, кейбіреуі жаңадан салынады. Осы жылы жоспарланған жол жұмыстарының 70 пайызы тұрғын алаптарда жүргізіледі. Бүгінде жолдар құрылысы әкімдіктің жіті бақылауында тұр.



– Nova City тұрғын үй кешенінің аумағы, №39 көшесінен бастап №27 көшенің бір бөлігінде жол саламыз. Бұл көше әуежай мен «Тельман» тұрғын алабына апаратын жолды жалғауға мүмкіндік береді. Соның есебінен тұрғын алап тұрғындарының қалаға жол жүру уақыты едәуір қысқарады. Сонымен қатар, Мәңгілік ел және Ұлы Дала даңғылдарындағы жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Осы жаңа көшеден Есіл өзені мен «Нұра-Есіл» арнасы арқылы өтетін екі көпір болады.

Қазір құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Көпірлер оң және сол жағалауды жалғап, қаланың екі бөлігін айналма етуге мүмкіндік береді, – деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Қала басшысы тұрғындармен кездесу, азаматтарды қабылдау және есеп беру кездесулерінде елорда халқы жолдарды асфальттау мәселесін көтергенін атап өтті.

– Біз барлық ұсыныстарды жинап, кесте құрдық. Қыста барлық дайындық жұмыстарын жүргіздік. Биыл жөнделіп

жатқан жолдар бірнеше талап бойынша таңдалды. Ең алдымен бұрын асфальт болмаған жолдарды таңдадық. Мұндай жолдардың көбі тұрғын алаптарда орналасқан. Сонымен қатар, жаңа автобус бағыттары іске қосылатын көшелер мен қозғалыс қарқыны жоғары көшелер қамтылды.

Сапасыз жолдарды қабылдамаймыз. Жол сапасыз болған жағдайда мердігерлер өз есебінен жолды қайта жасайтын болады, – деп атап өтті қала басшысы.

СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ КЕҢ МЕКТЕПТЕР

» Елордада сыйымдылығы 1200-2000 оқушыны қамтитын білім нысандары салынады. Бұл қала мектептеріне түсетін салмақты азайтуға мүмкіндік береді. Өзінің Instagram парақшасында осылай деп жазған Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордада салынып жатқан білім нысандары туралы мәліметтерді жариялады.



«Т.Рысқұлов және №36, Е171 көшелерінің қиылысында орналасқан оқу орнының құрылысын көріп қайттым. Бұл мектепті биыл пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Осы жылы салынатын мектеп саны – 12. 2021 жылы тағы осынша білім нысаны салынады. Мектеп, балабақ-

ша, тұрғын үй және басқа да әлеуметтік нысандарды салған кезде дизайн-код ережелерін ұстанамыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес стилистикалық тұрғыда бірыңғай, жайлы әрі қауіпсіз қаланы қалыптастыратын дизайн-код бекітілді» деп жазды А.Көлгінов.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙ ЕЛДЕРГЕ ҰША АЛАДЫ?

» Елімізде карантин режимі жеңілдетіліп, әуе қатынасы бойынша тағы 7 елмен әуе рейстері ашылды. Олар – Біріккен Араб Әмірліктері, Беларусь, Германия, Нидерланды, Мысыр, Украина және Ресей. Алайда карантин режимі қатаң сақталады. Яғни әлеуметтік қашықтық пен маска кию режимін сақтап, ПТР тестілеуден өту қажет. Ал Ресейге ұшу үшін сол ел тарапынан рұқсат талап етіледі.

Anadolu агенттігінің мәліметінше, Түркия мен Қазақстан арасында әуе рейстері 1 қыркүйектен бастап ашылады. Бұл туралы Түркияның Көлік және инфрақұрылым министрі Адил Қараисмаилоглу мәлімдеді.

Көліктегі бас санитар дәрігер Сәдуақас Байғабылов қазақстандықтар

қандай транзит рейстер арқылы ұша алатынын айтты. Қандай да бір елге бару алдында сондағы індет бойынша жағдайды білу керек.

Қазір Қазақстанның ҚХР, Корея, Жапония, Грузия, Таиланд, Венгрия, Германия, Чехия, Малайзия, БАӘ, Беларусь, Түркия, Мысыр, Украина,

Ресей, Польша, Өзбекстанмен шекарасы ашылған. Яғни бұл елдерге ұшуға рұқсат берілген, ұшу кестесін әуе компаниялары жасайды. Бірақ бұл мемлекеттер арқылы транзитпен рұқсат етілмеген елдерге ұшуға болмайды. Мысалы, қазақстандықтар Италия мен Испанияға транзит арқылы бара алмайды.




КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕР ҚАЛАЙ ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР?

» Биыл елордада «Нұрлы жер-2025» бағдарламасы арқылы 19 көпқабатты үйді жөндеу жоспарланған. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасымен бірлесіп, Алматы және Байқоңыр аудандарында бұл бағдарламаны іске асыру барысымен танысты.

Сәтпаев көшесі, 8, Қажымұқан, 14/1, Абай, 80/1 және Абай, 80/2 мекенжайы бойынша тұрғын үйлерге мониторинг жүргізілді. Қазір көппәтерлі үйлердің кіреберісі, шатыры мен жертөлесі жөнделіп жатыр. Осы айдың соңында жөндеу жұмыстары аяқталуы тиіс. Мониторинг кезінде тұрғындардың тілектері

тыңдалды. Мердігерлерге анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқау берілді.

«Қаланың әр ауданында жөнделіп жатқан көппәтерлі үйлердің мониторингі жүргізіледі. Біз бұл істі бақылауда ұстап отырмыз» дейді қала әкімдігінің «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі Сәуле Бисембаева.



ДІН ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРЕДІ

» Нұр-Сұлтан қаласының Дін істері басқармасы және Дін мәселелерін зерттеу орталығының бастамасымен 17 тамыздан бастап елорда халқы арасында дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жаңа форматта өткізілуде.

Ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері, қаламыздың білікті теолог, дінтанушы және психолог мамандары «Биг Шанхай», «Шарын», «Алаш», «Көк базар», орталық базар, «Ажар», «Әлем», «Ырысты», «Астаналық» сауда үйлерінің қызметкерлері мен саудагерлерімен кездесіп, дін саласындағы маңызды ақпараттармен бөлісті.

Іс-шара барысында тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамалық актілерінің

нормалары, деструктивті діни ағымдардың қаупі, олардан сақтану мен таралуының алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Дін саласындағы пайдалы ақпараттар көрсетілген ақпараттық брошюралар таратылып, «iKOMEK 109» бірыңғай байланыс орталығында дін саласы бойынша кеңес алу мүмкіндігі туралы ақпараттар берілді.

Санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты аталған кездесулерді жылдың соңына дейін өткізу жоспарлануда.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ!»

Асылан ТЕМІРБОЛАТҰЛЫ, елорда тұрғыны:

– Баламды спорт мектебіне берейін деп едім. Қазір қалада осындай қанша мектеп бар? Балаларды қабылдау қашан басталады?

Оқырман сұрағына Нұр-Сұлтан қаласы Денсаулық сақтау және спорт басқармасының мәліметін ұсынамыз:

– Қазіргі уақытта қалада 11 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Балалар жүзу, каратэ, футбол, велоспорт, жүгіру және т. б. үйірмелерге қатыса алады. Ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған бөлімдер де ашылған. Басқармаға қарасты кәсіпорындардағы

жаттығу процесі тегін жүргізіледі. Биыл балаларды конкурстық негізде қабылдау 1 қыркүйекте басталып, 1 қазанға дейін жалғасады. Тіркелу үшін нақты спорт түрін таңдап, мектеп әкімшілігіне хабарласыңыз. Бұл ретте жаттығу процесі қаланың бас санитарлық дәрігерінің шешімінен кейін басталады. Қабылдауға керек құжаттар: ата-анасынан анықтама, баланың туу туралы куәлігінің және ата-анасы куәліктерінің көшірмесі, медициналық анықтама.



ҚОҒАМДЫҚ ТАСЫМАЛ БҰРЫНҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛЕ МЕ?

» Астанада карантин жарияланғанға дейін қалаішілік және қала маңы маршруттары бойынша жолаушылар ұзын саны 900-ге тарта қоғамдық көлікпен тасымалданған болатын. Жергілікті билік індеттен сақтандыру шараларына сәйкес қоғамдық көлік қызметіне мезгіл-мезгіл түрлі шектеулер енгізіп, кейде тіпті автобустарды толықтай тоқтатып тастаған кездер болды.

Бұл тұрғындардың қалаішілік қатынасын, қажетті жерлеріне барып-келуін әжептәуір қиындатып жіберді. Карантиндік шектеулер қоғам өміріне түрлі жайсыздықтар әкеліп, көпшіліктің наразылығын тудырғаны жасырын емес. Оны да дұрыс түсіну керек.

Эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына байланысты 3 тамыздан бастап шаһардың ішінде қоғамдық көліктер жүре бастады. Ал қала маңы маршруттары 17 тамыздан бастап іске қосылды. Сонымен бірге карантин талаптары да бұрынғысынша қатаң сақталды. Қоғамдық көліктерге беттұмшасыз кіруге тыйым салынды. Жүргізушілерге

жолаушыларды салонға онсыз жіберуге болмайтыны ескерілді. Автобустарға тек алдыңғы есік арқылы кіруге рұқсат. Жол жүру ақысы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүргізіледі. Бұл талаптардың бәрінің орындалуын көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері күнделікті рейдтер өткізіп бақылап отырады.

Өткен дүйсенбіде жаңартылған кесте бойынша 22 қала маңы бағыты іске қосылды. Автобустар қатынасы қоғам өміріне бірте-бірте жан кіргізе бастады. Әйтсе де жолаушылар тарапынан әлі де арыз-шағымдар азаяр емес. Солардың бірсыпырасының пікірін бере кеткенді жөн көрдік.

Бахтияр ОТЫНШИЕВ:

– «Арнау», «Nova City» алаптарына №15, 35 маршруттар нашар жүреді. Ал бұрынғысынша сол жағалаудан оң жағалауға №61 маршрут мүлдем жүрмейтін болған.

Шынар ӘЛИЕВА:

– №7, 73, 44 маршруттар бойынша қосымша автобустар жіберсе екен. Жарты сағаттан артық уақыт күтеміз, – деп шағымданды.

Әсем АҚБАЕВА:

– Қосымша №60 маршрут неге жібермейді екен? Автобустардың жиілік аралығы 20-30 минуттан кем емес. Бұл маршрут сол жағалаудан шығып, оң жағалаудағы №7 емхана тұсымен өтеді.

Қазір жұрттың көбіне керегі емхана мен аурухана ғой, – деп кейістік білдірді.

Назгул РАҚЫМЖАНОВА:

– №7 маршрут қашан көрсең аузы-мұрнынан шығып толып тұрады. Автобустар тек 50 пайыз толымдылықпен жүрсін деген ереже қайда? – деп аңтарылды.

Айнұр СӘМЕТҚЫЗЫ:

– «Пригородқа» автобустарды қосыңыздаршы...

Елорданың іргесіндегі «Қосшы» кенті тұрғындарының да арызы аз емес. Олардың айтуынша, кейінгі жылдары бұл жаққа жаңа үйлер көптеп салынып жатқандықтан халық қарасы жедел өсіп келеді, ал автобустар саны көбейтілмеген. Қалаға

барғысы келетін жолаушылардың көптігі сондай, автобус келгенде адамдардың жартысы көлікке сыймай, келесін күтуге мәжбүр. Ертең балалар оқуға шықса тіптен қиын болады.

Біз осы арыздардың ізімен СТС көлік компаниясының баспасөз хатшысы Оксана Лоскутоваға телефон шалған едік. Компанияда қала маңындағы бағыттар бірте-бірте жандандырылады деп сендірді. Алдағы уақыттарда автобустардың жүруі жолаушылар санына байланысты өзгертілетін болмақ.

– Өздеріңіз көріп отырсыздар, қала маңындағы да, қала ішіндегі де бағыттар мен автобустар саны бірте-бірте кө-

бейгіле береді. Мысалы, 17 тамыз күні жолаушыларды тасымалдауға 600 автобус шыққан еді, 18 тамыз күні олардың саны 700-ге жетті. Бүгінгі деректі әлі алып үлгерген жоқпын (19 тамыз – автор). Оның үстіне жыл соңына дейін қоғамдық жолаушылар тасымалына 100 электроавтобус беріледі. Қала тұрғындарының өтініштерін ескере отырып жаңа бағыттар ашылды, – деді Оксана Лоскутова.

Сөз соңында баспасөз хатшысы, сондай-ақ, жолаушыларға санитарлық талаптарды сақтауды, беттұмша тағып, антисептик қолданып жүруді де ескерте кетуді ұмытпады.

Бетті дайындаған
Дәулет АСАУОВ

НӨСЕРЛІК КӘРІЗ ЖҮЙЕСІНЕ ЗАҢСЫЗ ЖАЛҒАНҒАН

» Қаланың нөсер кәріздерін тексеру кезінде коллекторлар 60-тан 100 пайызға дейін қоқысқа толғаны анықталды. Соның салдарынан қатты жаңбыр кезінде ағын сулар құбырлардан өтпей қалады. Оған жеке тұрғын үйлердің нөсерлік кәріз жүйесіне заңсыз жалғануы себеп.

– Тексеру барысында заңсыз жалғанған фактілер жиі кездесетіні анықталды: жеке тұрғын үйлер, кеңселер және басқа да құрылыс иелері өз нысандарының кәріз желілерін нөсерсу жүйесіне жалғап қойған. Ағынды суларды, тұрмыстық қалдықтарды, құрылыс қоқыстарын, жуынды заттар мен басқа қоқыстарды рұқсатсыз төгу нөсер кәрізі мен тазарту қон-

дырғыларының жұмысына салмақ түсірген. Сондықтан сорғылар үнемі бітеліп қалады, – деп түсіндірді «Elorda Eco System» коммуналдық кәсіпорны мамандары.

Бұл мәселені шешу үшін коммуналдық кәсіпорын нөсер кәрізінің барлық жүйесін қордаланған құмнан, тұнбадан және басқа да қоқыстардан тазартып, ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Қазіргі уақытта тазарту жұмыстары қаланың барлық аудандарында жасалып жатыр. Бүгінге дейін 150 тоннадан астам қоқыс пен балшық шығарылды.

Нөсерлік тазарту қондырғылары жаңбыр, еріген және жерасты суларын бұруға арналған. Олардың арнайы сүзгілері осы суларды тазартып, өндейді, бірақ тұрмыстық қалдықтарды өткізе алмайды.

«Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабындағы үйлер, «Агроқалашық», «Көктал», «Артем» базары ауданы және басқа да жеке секторлар өз бетінше нөсер кәрізіне қосымша байлам жалғаған.

– «Elorda Eco System» қызметкерлері Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен және экологиялық полициямен бірлесіп тұрақты түрде өнеркәсіптік, шаруашылық-тұрмыстық қалдықтарды қалалық нөсер кәрізіне заңсыз төгу фактілерін анықтау бойынша рейдтер жүргізуде. Бүгінде 762 жаңбыр құдығы тексерілді. Бұл бағыттағы шаралар қаланың барлық төрт ауданында жалғасады, – деп атап өтті коммуналдық кәсіпорын өкілдері.

Рейд барысында 40 заңбұзушылық дерегі анықталды. «Хан Шатыр» СОО ауданында және Хусейн бен Талал көшесінде нөсер кәрізі желісінде таза емес суды ағызудың екі жағдайы тіркелді. Сондай-ақ айыппұл салынғандардың бірі екінші рет заң бұзғаны белгілі болды. Аталған факті бойынша тексеру жүргізілуде.

Барлық тәртіп бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 222240 теңге айыппұл салынды. Елорданың төрт тұрғыны ескерту алды.

Нөсер кәрізіне рұқсатсыз байламдар жалғану бойынша заң бұзушылық расталған кезде меншік иесіне ескерту жіберіледі. Белгіленген факті жойылмаған жағдайда, экологиялық



полициямен бірге айыпталушыны жауапкершілікке тарту бойынша заңды шаралар қолданылады. Құқық бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексіне сәйкес 20 АЕК (55560 теңге) мөлшерінде

айыппұл салынады. Заңды тұлғалар үшін жаза мөлшері әлдеқайда жоғары.

Айта кетейік, қаланың нөсерлік кәріз жүйесіне 26 мың жаңбыр құдығы, 354 км коллектор және 56 км арық кіреді.



БАЛДЫРҒАНДАР БАЛАБАҚШАМЕН ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАМТЫЛҒАН?

» 2019 жылдың қорытындылары бойынша елордада 3-6 жасар балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші 98,4 пайызды құрайды. Кейінгі үш жылда бас қалада мектепалды тәрбие мекемелері едәуір артқан. Мәселен, 2017 жылмен салыстырғанда 119 балабақшаға көбейген. Бірақ бұл салада әлі де өзекті мәселелер бар. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында қалалық Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова мектепалды даярлық саласының қазіргі жағдайына жан-жақты тоқталды.

2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға сәйкес, осы уақытта бас қаладағы балалар 100 пайыз балабақшамен қамтылуы тиіс еді. Осыны жасырмаған басқарма басшысы мұның бірнеше объективті себебін атап өтті. Оның алғашқысы елорда халқының айтарлықтай артуы болса, екіншісі – бала туу көрсеткішінің өсуі, ал үшіншісі – ішкі миграцияның қарқыны. Оның үстіне 2017-2019 жылдары жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс болған жоқ.

Осыны айтқан Ш.Қадырова депутаттардың назарын мына сандарға аударды. Оның айтуынша, елордада 2018 жылы туған 30452 бала биыл балабақшаға баруы тиіс еді. Бірақ бұл мүмкін болмай тұр. Осы жылы барлық жастағы 15800 балдырған ғана мектепалды даярлық мекемелеріне орналастырылады.

– Жекеменшік балабақшаларға балаларды мемлекеттік тапсырыспен орналастыру 2019 жылы ғана басталды.



Соның нәтижесінде соңғы екі жылда 735 миллион теңге сомасына 5800 орынға мемлекеттік тапсырыс берілді. Бізде ай сайын орташа есеппен балабақша кезегіне 4 мың бала тұрғызылады. Солардың жартысы ғана, яғни 2 мыңнан сәл аса балдырған мектепалды даярлық мекемелеріне жолдама алады, – дейді Ш.Қадырова.

«Индиго» атты электронды кезек порталында 0-6 жасар 55989 бала, 1-6 жасар 50233 балдырған және 3-6 жасар 5980 бала тіркелген. Осы жылы тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында мектепалды даярлық мекемелерінің 904 орынға арналған үш филиалын ашу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында

360 орынға арналған балабақша құрылысын аяқтау, 1 қыркүйектен бастап жекеменшік балабақшаларға 2800 орынға мемлекеттік тапсырыс беру көзделуде. Соның өзінде проблема толық шешілмейді. Балаларды балабақшамен қамту 99 пайызға жетеді.

Қазіргі таңда елордада барлығы 400-ге жуық балабақша

бар. Оның 94-і мемлекеттік болса, 259-ы – жекеменшік. Жекеменшік балабақшалардың 247-сіне мемлекеттік тапсырыс беріледі.

Басқарма басшысы мектепалды даярлық мекемелерінде инклюзивті білім беру мәселелеріне де тоқталды. Бүгіндері қалада №23 және №647 – екі арнайы балабақша бар. Бұған қоса, 26 балабақшада 570 тәрбиеленушіге арналған 45 денсаулықты түзеу тобы жұмыс істейді. Осы жылдың қазан айында көзі нашар көретін балаларға арналған 90 орындық балабақша ашылады. Жаңа оқу жылында №22, 23, 25 және 64 балабақшаларда ресурстық орталықтарды ашу жоспарланып отыр. Бұл орталықтарда ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультативтік көмек көрсетіледі. Бұған қоса, 28 мектепалды даярлық мекемесінде осындай балаларға арналған арнайы топтар ашылады.

2019 жылы балабақша тәрбиешісінің орташа жалақысы 63235 теңгені құраған. «Мұғалім мәртебесі туралы» заңына сәйкес осы жылдың 1 қаңтарынан барлық педагогтардың жалақысы 25 пайызға өсті. 2023 жылға дейін ұстаздар айлығы жыл сайын 25 пайызға өсіп отырады. Соған сай қазір тәрбиеші 75324 теңге алады. Ал 2023 жылға қарай оның жалақысы 126 мың теңгеге жетеді.

– Биыл балабақша педагогтары тұңғыш рет жаңа форматтағы аттестаттауға қатысады. Қазіргі кезде

тестілеу жүргізіліп жатыр. Ол оң нәтижені көрсеткен жағдайда педагогтарға 30 пайыздан 50 пайызға дейін үстемеақы төленеді. Мектепке дейінгі ұйым ұстаздарының тапшылығы өзекті күйінде қалып отыр. Аталған мәселені шешу үшін Білім басқармасының сайтында «НР» порталы жұмысын бастады. Қазір порталда 377 бос орын орналастырылды. 2019-2020 жылдары мектепалды білім беру педагогтарының 3313-і біліктілікті жоғарылату бойынша қысқарған мерзімдік курстардан өтті. Осы жылы елорда колледждеріне 300 балабақша педагогын оқытуға мемлекеттік тапсырыс берілді, «Астана» халықаралық университетіне 50 грант бөлінді, – дейді Ш.Қадырова.

Алайда осы саладағы өзекті мәселелерге қарамастан қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы Білім басқармасының бюджетінен балабақшаларға арналған 528 миллион теңгені қысқартқан. Мәслихат депутаты Рамзия Өмірбаева осыған келіспейтінін, жалпы білім саласының қаржысын қысқарту арқылы үнемдеуге болмайтынын айтты. Оны әріптесі Қарақат Абден қолдады. Осы мәселе бойынша Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының орынбасары Айжан Түгелбаеваның жауабы депутаттарды сендірмеді. Алдағы күндері аталған қос басқарма басшылығы мен депутаттар жиналып, бұл мәселені пысықтайтын болып келісті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Баланың мектепке алғаш барған сәті – балақай үшін маңызды оқиға. Көптеген ата-аналар мектепте барлығын үйретеді деген оймен бұған жеткілікті түрде уақыт бөлмейді. Керісінше, басқалары баланы сағаттап отырғызып жазуға және оқуға мәжбүрлейді, бұл баланың оқуға деген құштарлығын азайтады. Ата-ана кем дегенде бес жастан бастап балаға мектептің не екенін түсіндіру керек. Дәл осы жаста балалар оқуға, басқа балалармен сөйлесуге, өзін-өзі көрсетуге және ата-анасының мақұлдауына ерекше қызығушылық танытады. Бұл жерде баланың мектептегі оқытудан қорықпағанын бақылау маңызды, сондықтан «кішілік бағамен», үй тапсырмаларымен және бос уақыттың болмауымен баланы шошыттып алуға болмайды. Ал қашықтан оқыту – бала үшін де, ата-ана үшін де елеулі сынақ, баланың дербестік және жауапкершілік дәрежесіне, өз өмірі мен оқуын ұйымдастыру және оны басқару қабілетіне сын болып табылады. Сонымен қатар қашықтан оқытуды мектепке қарағанда үйде баланың өз бетімен, әрі жылдам оқуына мүмкіндік ретінде позитивті жағынан да қаралындауы болады. Ең алдымен бала үшін қалыптасқан күн тәртібін сақтаған жөн (ұйқы мен ояну уақыты, сабақ басталу уақыты, оның ұзақтығы, үзілістер, т. б.). Мектепке дайындалатын балаға күнделікті сабақты орындайтын тұрақты орын керек: қажетті биіктікте үстел мен орындық, дұрыс орналасқан жарық (оң жақтан, егер бала солақай болса, сол жақтан).

Баланы мектепке дайындау тек тапсырмалар мен жаттығуларды ғана қамтымау керек, мұндағы негізгі міндет – балаларға жаңа жағдайға көшу оларға ыңғайлы болатындай етіп көмектесу. Ол үшін балаға оқу ұнайтұндай етіп мектеп пен оның талаптары жайлы ойды қалыптастыру керек. Мектепке психологиялық дайындау көптеген әртүрлі қырларды қамтиды. Біріншіден, ойлауды, назар аударуды, есте сақтауды, сөйлеуді, қиялды дамыту. Екіншіден, мектеп жасына дейінгі балалар өз құрдастарымен ортақ тіл табуы, жұпта және топта жұмыс істеуді, тәуелсіз болуды үйренуі маңызды. Әр баланың өзіндік психологиялық ерекшеліктері бар, оны мектепке дайындаған кезде ескерген маңызды. Кейбір балалар өте белсенді болады және оларға бір орында отыру, біртүрлі тапсырмаларды орындау, мұғалімді тыңдау қиынға соғады. Басқа балалар ұяшақ болады, оларға сынып алдында

сөйлеу, топтық жұмысқа қатысу, көшбасшы рөлін қабылдау қиынға соғады. Мұндай балаларға дұрыс көзқарас тапса, олар да мектепте сәттілікке жетуі мүмкін. Мектепке дұрыс дайындау баланың қабілетін ашуға, жеңіл оқуға және сыныптың өміріне белсене қатысуына көмектеседі.

Ойын әрекеті бала үшін жетекші болып қала береді. Бастауыш мектепте ойын тек табиғи және пайдалы іс қана емес, сонымен қатар білім, өзін-өзі түсінуге, жаңа ережелерді игеруге қысқа және қауіпсіз жол болып табылады. Сондықтан егер баланы мектепке дайындайтын болсаңыз, көңілді отбасылық ойын ретінде өткізуге болады. Тіпті 3,5-4 жаста балалар мектепті сүйсініп ойнайды. Сонымен қатар сабақ жүргізіп, баламен орын ауыстырып оны мұғалім қылып та ойнауға болады. Бастысы – мектеп теріс ой қалыптастырмау керек. Біртіндеп дайындау және ойын түрінде оқыту балаға қажетті білім мен дағдыларды оның нәзік психикасына ауыр тигізбей және күйзеліссіз алуға көмектеседі. Сабақ шамамен 15 минут болу керек, сосын балақайға белсенді ойынға арналған уақыт керек.

Мектепке дайындықты әртүрлі етіп құрауға болады. Кейбір балаларға балабақшадан алған білімі мен дағдылары жеткілікті, басқа ата-аналар қосымша (немесе балабақша орнына) сәбилерді ерте дамыту орталықтарына апарды. Егер ата-аналарда жеткілікті уақыт, ынта және өз күшіне деген сенімділігі болса, онда болашақ бірінші сынып оқушысын өз бетімен дайындауына болады. Үйдегі мектепке дайындаудың өз басымдылығы бар:

- баланың көңіл күйі мен денсаулығына қарай күн ішінде ыңғайлы уақытты таңдауға болады;
 - біліксіз мұғалімдермен қарым-қатынастан жағымсыз тәжірибе болмайды;
 - жиналуға және жолға уақыт пен қаражат жұмсалмайды.
- Бұдан бөлек, баланы мектепке үйде дайындау әрқашан жеке болып табылады – ересек адамның барлық назары белгілі бір балаға аударылады, яғни сабақ мүмкіндігінше тиімді өтеді. Мұның барлығы үйде баламен дайындық жүргізе алатын адам болған жағдайда мүмкін.

Мектеп – бала өміріндегі маңызды кезең, болашақ бірінші сынып оқушысы оқытуды қалай қабылдайтыны ата-аналарына байланысты.

» Елордадағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында үйірмелер мен секциялардың 125 түрі бойынша 11 бағытта балаларды қабылдау басталды. Білім ошағында бюджеттік және ақылы негіздегі топтар бар.

ҮЙІРМЕГЕ ҮЙІР МЕ?



Бюджеттік негіздегі топтарға жетім балалар, аз қамтылған отбасылардың балалары, мүмкіндігі шектеулі балалар, көпбалалы отбасылардың балалары және Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар қабылданады. Ақылы негізде қабылдау 1-15 қыркүйек аралығында өтеді.

«Үйірмелерге қабылдау үшін ата-аналар MINDAL порталы арқылы өтініш береді. Балаларды қабылдау осы ресурс арқылы жүргізіледі. Кезекке қоюға өтініш тек электронды түрде беріледі» деп хабарлайды Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы.

Өтініш беруші ұялы телефон нөмірін, заңды өкілдің ЖСН-ін және баланың ЖСН-ін міндетті түрде көрсетуі керек. Өтініш беру барысында бір реттік парольдер пай-

даланылады. Кезекке қойылғаннан кейін бұл мәліметтер өтініш берушінің жеке кабинетін құру және іске қосу, электронды хабарламаларды тарату үшін пайдаланылады.

Баланың түрлі үйірмелерге және спорт секцияларына бірнеше өтініш болуы мүмкін. Өтініш берген кезде баланың тұратын жері маңызды емес. Баланың тіркелгені туралы смс-хабарламаны алғаннан кейін растайтын құжаттарды (баланың ЖСН-і, ата-анасының ЖСН-і, медициналық анықтама, жеңілдікті растайтын құжаттар) толтырады және қоса тіркейді.

Бұдан әрі MINDAL порталы балаларды топтарға бөледі. Ата-аналардың портал арқылы үйірмелер мен секциялардағы бос орындарды үнемі қадағалау мүмкіндігі бар.



ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

» COVID-19 індетінен құтылып, енді қоңыр күздегі екіншісін қарсы алуға дайындалудамыз. Алда тағы не болып көтер деген үрей де, біріншісін жеңсек, келесісін де өткерерміз деген үміт те жоқ емес. Жанға бататыны, жаңа толқынның балаларға тиетіні деген сыбыстың көбіне түскені. Халықтың дайындығы іштей моральдық және ұл мен қыздың иммундық жүйесін жақсартумен байланысты болып тұр. Бұл ретте бұрынғыдан сабақ алған Денсаулық сақтау министрлігінің әзірлігі қалай?

Сонымен министрлік тарапынан қазан айына таман 13 модульдық инфекциялық стационар салу жоспарлануда деген ақпарат айтылды. Дәрі жетіспеушілігіне қатысты дау тумауына елдегі дәріханаларға 10 миллионнан аса препараттар жиынтығының қойылуы септік етеді делінуде. Бірыңғай дистрибьютор еліміздің медициналық ұйымдарын айлық дәрі қорымен қамтамасыз етіпті. СК-Фармация қоры базасында және өңірлерде 11 тұрақтандыру қоры құрылған. Ауруханаларды толық жарықтандырып болу үшін 2578 жасанды өкпемен демалу аппараттары сатып алынбақ. Соған қоса 23890 керуеу оттегімен

қамтамасыз етілмек. Қазан айына дейін елдегі барлық аудандық ауруханаларды 100 пайыз цифрлы рентген аппараттарымен қамту көзделіп отыр. Ведомствоаралық комиссия шешімімен елордада, Алматы мен Шымкент қалаларында 2,7 мың орындық 13 инфекциялық аурухана салынбақ.

МАСКА ТАҒУ – ПАЙДАЛЫ ДАҒДЫ МА?

Бүгінде міндетті маска режимін сақтау – жаңа дерттің таралу қарқынын төмендетудегі қосымша факторға айналды. Оны таққан кезде халық арасында инфекцияның таралуы азаяды. Санитарлық

талаптарды күшейтудің арқасында соңғы 4 аптада барлық өңірде халықтың ауруға шалдығу деңгейі айтарлықтай төмендегені рас. Сондықтан ҚР ДСМ министрі Алексей Цой «Маска тағу қоғамда пайдалы дағдыға айналуы тиіс» деді өткен брифингте. Ал оны кімдердің тақпауына болады?

– 5 жасқа дейінгі балаларға, элеуметтік арақашықтық сақталған жағдайда 5 адамға дейін спортпен топтық және жеке айналысқан адамдарға, денсаулығына байланысты таға алмайтын тұлғаларға, сонымен қатар даладағы қоғамдық тамақтану орындарында элеуметтік қашықтық сақталған жағдайда маска тақпауға

болады, – деді министр.


Франция 1 қыркүйектен бастап жабық мекемедегі жұмыс орындарында 1 адамнан артық адам отырса қызметкерлерді маска тағуға міндеттеуде. Әзірге біздегі талап – тек қоғамдық орындардағы шектеу ғана болып тұр. Сондықтан мұның өзі елдегі эпидемиологиялық ахуалдың жақсарғанын көрсетеді. Бастапқыда туындаған маска тапшылығы енді болмауға тиіс. Себебі қазір Қазақстанның ішкі нарығы отандық маскамен 100 пайыз қамтамасыз еткенін ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мәлімдеді.

АҚУЫЗЫ КӨП ТАҒАМДАРҒА МӘН БЕРІҢІЗ

Мамандар коронавирус тақырыбы өзекті болып тұрған қазіргі кезеңде иммунитетті көтеру мәселесіне ерекше мән беру керектігін айтады. Әсіресе, ақуызы көп тағамдарға мән берген жөн.

Оларға тауық, балық, ірі қара, соның ішінде жылқы еті жатады. Солардың сорпасының құрамында ақуыз көп. Сонымен қатар түрлі жаңғақтарды да жеген пайдалы. Иммунитетті көтеру үшін 30-40 пайызын ақуыздан, қалған 50-60 пайызын көкөністер мен жеміс-жидектер арқылы қамтыған дұрыс болады. Күзде алма, алмұрт, банан, құлпынай, қарақат, таңқурай, итмұрынды көбірек алған абзал. Бұлар табиғи өнім болғандықтан С витаминіне бай. Соған қоса сұйықтықты көп ішеміз. Күніне 3-5 литрге дейін су, компот, морс ішуге болады. Бұған қоса көтеріңкі көңіл-күй де ауырып қалмауға көп септігін тигізеді. Күйзеліске түспеген жөн. Көңіл-күй жақсы болып, жігерленіп жүрсек, иммунитет жақсы көтеріледі, – дейді Астана медицина университеті профилактикалық медицина және нутрициология кафедрасының доценті Роза Сүлейменова.

ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ ЖАНКЕШТІЛІГІНЕ РИЗА



» Елордада коронавируспен күреске ең алғашқы күннен жұмылдырылған дәрігерлердің бірі – №10 қалалық емхананың бөлімше меңгерушісі Фарид Әбдірапиев. 6 жылдық жұмыс тәжірибесіндегі ең бір ауыр кезең болған биылғы жылдың басынан, нақтырақ айтқанда, ақпан айынан бастап ол көп салалы медициналық орталыққа жаһандық індет жұққан алғашқы науқастарды қабылдап, емдеуге жіберілген болатын.

– Мұнда шетелден келген жерлерімізді тексеріп, вирус жұқтырғанын, жұқтырмағанын анықтай бастадық. Тәулігіне 50-60 пациенттен қабылдадық. Тест нәтижесі оң болса, 14 күн стационарда, теріс болса, үйінде 14 күн карантинде емдеп, қадағаладық. Наурыз айында №3 көпсалалы ауруханаға ауыстым. Мұнда да сондай көлемде пациенттерді қабылдап жүрдік. Ал сәуір айынан бері өз емханаға оралдым, – дейді Фарид дәрігер.

Оның айтуынша, пандемияның шарықтау шегі – 15 маусым мен бүгінге дейін болды. Емхананың өзінде дәрігерлер КВИ жұқтыру қаупі бар және жұқтырған тәулігіне 200 пациентке қызмет көрсеткен. Жеңіл түріне шалдыққандарға амбулаториялық, ал орта және ауыр жағдайдағыларға стационарлық ем жасалған. Қазір жағдай біршама жақсарып, емханадағы жұмыстар тұрақталды. Тәулігіне олар 40-50 пациенттен қабылдап жатыр.

– Мен өз әріптестерімнің жанкештілігі мен патриоттық сезімдерінің жоғары екенін айта кеткім келеді. Бұл ауыр дертпен күрес

ақ халаттылар үшін сынақ болғандай. Осындай ауыр кезеңде де өз қызметтік міндеттеріне адалдығын сақтап қалған медицина мамандарына мың алғыс айтқым келеді. Олар күндіз де, түнде де ауыр науқастардың қасынан табылып, өз бастарына төнген қауіпті ойлаған жоқ, – дейді ол.

Медициналық жоғары білімін Түркістанда оқып тұрған Фарид Әбдірапиев еңбек жолын алғаш елордада 2014 жылы бастаған. Бүгінде екі баланың әкесі атанған маманнан коронавирустың екінші толқыны туралы сұрадық.

– Ең бастысы – профилактикалық шараларды дұрыс орындау. Жеке бас гигиенасын сақтауға кеңес беремін. Пандемияның екінші толқыны балаларға қатысты бола ма деген сұрағыңызға нақты жауап бере алмаймын, бұл тек әзірге болжам ғана, балаларға қатысты болады деген де нақты дерек жоқ. Ол қашан, қалай келсе де, біз үлкен, кіші демей иммунитетімізді көтеріп, дұрыс тамақтануды, таза ауада көп жүріп, спортпен шұғылдандырып ойластырғанымыз жөн, – деп кеңес берді дәрігер.



Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

ФАРМАКОЛОГИЯҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР

» Биылғы тамызда ортамыздан мықты терапевт дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, педагог, профессор Талғат Мәжитовті сұм ажал алып кетті. Ұзаққа созылған дерттен ол 58 жасында дүниеден озды. Талғат Мансұрұлы терапия және клиникалық фармакология саласында жоғары санатты кәсіби маман болатын.

Әріптестері оның, әсіресе, фармакотерапия саласын дамытуға қосқан ерен еңбегін ерекше атап өтеді. Профессордың басшылығымен осы бағытта оқыту бағдарламасы жасалып, сол арқылы қазіргі таңда еліміздің медициналық ұйымдарында еңбек етіп жүрген клиникалық фармакология мамандарының мықты буыны дайындалып шығарылды. Ғалым осы саладағы ғылымның дамуына да өз үлесін қосып, аталған бағытта медицина ғылымдарының кандидаттары мен докторларын тәрбиелеп берді. Сондықтан оны барша түлектері «еліміздің мыңдаған дәрігерлерінің ұстазы» деп атайды.

Талғат Мәжитов 1962 жылы бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау

облысында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдаған соң Алматы мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. Оны 1985 жылы үздік бағаға аяқтап, Ростов халықтар достығы ордені медициналық институты жанындағы клиникалық ординатураға «терапия» мамандығы бойынша оқуға тапсырады. Ұшқыр ойы мен ғылымға құштарлығының арқасында ол профессор Н.Федоровтың жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмысына араласады. Сөйтіп 1992 жылы ол «Созылмалы калькулезді емес холециститтің кешенді терапиясында танафлон мен холонертонның клиникалық тиімділігін салыстыра бағалау» деп аталатын кандидаттық диссертациясын өте жоғары деңгейде орындап, қорғап



шығады. Сол жылы Алматыға оралып, өзі білім алған институттың клиникалық фармакология кафедрасында алдымен оқытушы, артынан доцент болып қызмет атқарады. 2002 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының клиникалық фармакология кафедрасын басқарады.

Талғат Мансұрұлының елордадағы қызметтік жолы 2007 жылы Астана медициналық университетіне шақыртылып, жалпы және клиникалық фармакология кафедрасын басқарумен басталды. Ал 2015-2017 жылдары осында клиникалық фармакология интернаурасы кафедрасының профессо-

ры болып еңбек етеді. 2014 жылы «Болашақ» бағдарламасымен денсаулық сақтау саласындағы менеджмент бойынша АҚШ-та бір жылдық тағылымдамадан өтеді. Салаға сіңірген еңбегі бағаланып, «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Дәрігер өмірлік жарын да өзі сүйген саладан тапқан. Зайыбы – Раушан Қарабаева да ҚР ПБ МО аурухана директорының емдеу-диагностикалық жұмыс жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Өз ісінің білгірі, адал да ақжарқын азамат, шынайы интеллигент, адами қасиеттері мол жан ретінде көптің көңілінде қалған Талғат Мәжитовті білетіндер қимастықпен еске алады. Оның дүниеден өтуі Қазақстанның денсаулық сақтау саласына да, ғылымына да орны толмас қайғы болды. Әсіресе, өмірінің соңында кафедра меңгерушісі болып еңбек еткен – Астана медициналық университеті ұжымы үшін аяулы әріптестің орны ойсырап қалды. Жақсы адамның жарқын бейнесі оны жақын білгендердің жүрегінде мәңгілікке сақталады.

БЕЛАРУСЬ БЕРЕКЕСІ НЕГЕ КЕТТІ?

» 9 тамызда өткен президент сайлауынан кейін Беларусьта жаппай толқу басталды. Оған оппозиция өкілдерінің сайлауда «Халықтың дауысын ұрлап, алтыншы мерзімге сайланған Лукашенконың 80 пайыз дауыс жинауы мүмкін емес» деген наразылығы себеп болды. Ресми мәлімет бойынша, оппозиция атынан түскен кандидат Светлана Тихановская не бәрі 10, 09 пайыз дауысқа ие болған. Бірақ сайлау науқаны кезінде Тихановская көптеген сайлау учаскілерінде жеңіске жетіп, шетелдегі сайлау орындарында да Тихановская Лукашенкодан басым түскен. Батыс елдері мен ЕҚЫҰ Беларусь еліндегі бірде-бір сайлауды заңды өтті деп мойындамаған. Керек десеңіз, Еуроодақ наразылық шарасына қатысқандарға күш қолданып, негізсіз қамаған және сайлау қорытындысын бұрмалаған Беларусь билігі өкілдеріне санкция салатынын айтып сес көрсетті.



Жексенбі күні 16 тамызда бірнеше жүз мың адам Минскте наразылық шараларын өткізді. Талап – Александр Лукашенконың отставкасы. Олардың дені өндіріс орындарының жұмысшылары. Билік наразы жұртты күш құрылымдарының көмегімен таратуға тырысып, мыңдаған адамды ұстағанымен, бәрібір шерушілерге шек қоя алған жоқ. Бастапқыда наразылыққа қарапайым халық шықса, ал қазір олардың қатарына жұмысшылар, мемлекеттік қызметкерлер, күш құрылымдарының өкілдері де қосылып жатыр. Лукашенконың наразылық кезінде еңбек еткен 300-ден аса полицияны марапаттағаны да тәртіп сақшыларының, арнайы жасақ қызметкерлерінің наразылар жаққа өту толқынын тоқтата алған жоқ. Есесіне құқық қорғау қызметкерлерінің наразы топты қолдайтынын білдіріп, қызметтік киімдерін шешіп, формаларын қоқысқа тастау жағдайы күн сайын көбейіп барады. Лукашенко оппозицияны жазғырып, «Маған қарсының бәрі шетел агенті, оларға шетелдің жау күштері қолдау көрсетіп отыр, НАТО-ның есігіміздің алдында шынжырын сылдырлатып жүргені тегін емес» деп жар салғанымен халықтың оны тыңдайтын түрі жоқ.

Александр Лукашенко Беларусьияны 1994 жылдан бастап басқарып келеді. Ең алғаш президент ретінде Конституциясына қолын қойып, ант берген кезде Беларусьте тек заң диктатурасы ғана орнайтынын,

заң алдында мектеп оқушысынан бастап президентке дейін бәрі тең болу керектігін айтқан. Жаңадан сайланған мемлекет басшысы осы мәлідемесінен кейін жыл өтпей жатып елді өз ыңғайына қарай өзгерте бастады. Диктатура орнады да, заң адыра қалды. Атап айтқанда, билік қолына тиген алғашқы күннен-ақ заңға қырын қарай бастады. Оның бастамасымен өткен, көп заң мен адам құқығын бұзған үш референдум Лукашенконың құзыретін барынша кеңейтті. Аралықта қарсы партиядағылардың Лукашенконы қатыстырмай сайлауды қайта өткізуді талап еткен әрекеті де сәтсіз аяқталды. Сонымен қатар Лукашенконың өзіне қарсылардың ебін тауып көзін құртып, адам құқығын аяққа таптауы халық жүрегіне бітеу жараға айналды. Міне сол жара биыл ақыры жарылды. Атап айтқанда, осы жолғы сайлауға Лукашенконың қайта түсуі және сайлаудың әділ өтпеуі оның абройын айрандай төкті. Ашынған жұрт көшеге шығып, «94 жылғы Конституцияны қайтаруды» талап етті. Бірақ Лукашенко қарсыластарының Конституцияны қайтару туралы талабынан үзілді-кесілді бас тартып, «94 жылғы Конституцияны қайтарсақ, елде анархия орнайды. Бұл Конституцияны қайтарсақ, қылмыскерлерге сыйлық жасағанымыз. 90 жылдардағы жабайы өмірге оралмаймыз» деп кесті. Айта кетейік, 94 жылғы Конституцияға сай, президент тек екі рет сайлауға түсе алады. Кейбір сарапшылар бұл

елде наразылық туындап, халықтың толқуына бастапқыда Ресей себепші болды деген болжам айтады. Себебі Кеңес одағының шекпенінен шыққан Лукашенко басында Ресейдің ығына жығылып, ықтай жалдап күн көргенімен, кейінгі кезде Путинмен сөзі бір жерден шықпай, кей мәселелерде керісіп қап жүрді. Әсіресе Кеден одағы төңірегіндегі керіс Путин мен Лукашенконың арасын біраз суытып тастағаны да жасырын емес. Мұның жанды мысалы ретінде кезекті бір кездесуден кейін Минскіге қатұлы оралған Лукашенконың Ресей бізді қайта қосып алғысы келеді деген емеуірін танытып, «Мен халқыма өзін қорғауы үшін автомат таратып беремін» деп мәлімдеме жасағанын атауға болады. Айтып-айтпай, Ресейдің Кеден одағын сылтау етіп, Беларусьқа энергия саласы жағынан қысым жасауы, керек десеңіз, Кеден одағына мүше Қазақстаннан да мұнай-газ тасымалдауына шектеу қойып келгені жасырын емес. Міне бұл Лукашенконың Путинға «өкпелеуіндегі» басты себептің бірі.

Дей тұрғанмен, «ойнаса баласы, шындаса әкесі жеңеді» дегендей, «тайынша тулап ыңыршақ шақпайтыны» да Минскідегі наразылық кезінде мәлім болды. Беларусь билігі президент сайлауы қарсаңында ел аумағында ресейлік «Вагнер тобы» жекеменшік әскери компаниясының 32 мүшесі ұсталғанын мәлімдеді. Оны-

сыз да Путинмен шығыса алмай жүрген Лукашенко осыдан кейін Ресейді ашық жазғырып, халықты сыртқы күштерге қарсы тұруға шақырғанымен, одан да түк нәтиже шықпады да, соңында Путинға телефон шалып, онымен ымыраға келуге мәжбүр болды. Ұсталған ресейліктерді де қоя берді. Путинмен тілдескеннен кейін Лукашенко күтпеген мәлімдеме жасап, «Ресей қажет жағдайда Беларуське әскер кіргізетінін» мәлімдеді. Бұл мәлімдеме билікке сүлікше жабысқан Лукашенконың тақ үшін өз халқын сатып кететінін, билік үшін Беларусьтің тәуелсіздігін тәрк етіп, оны Кремльдің қолына табыстаудан тайынбайтынын анық аңғартты. Осыған қарап «жағдай осылай асқына берсе, Лукашенко да В.Я.нуковичтың аяғын құшуы мүмкін» деген болжам жасап жатқан сарапшылар да бар. Бірақ Ресей Беларусьқа әскер кіргізбейтіні анық. Өйткені наразылықтың ауқымы локалдық деңгейден асып кетті. Сондықтан Украинадан кейін тағы бір бауырлас ұлттың іргесінде отырып, өздеріне қарсы тұруын Ресей де қаламайды. Онсыз да Украинадағы жағдайға байланысты Батыстың санкция садағына ілінген Кремль енді бұл істе өте абай болатыны сөзсіз. Оның үстіне, Ұжымдық қауіпсіздік шарты бойынша ұйымға мүше елдер ұйымдағы қандай да бір мемлекетке сырттан қатер төнген жағдайда ғана әскери тұрғыда қолдау көрсете алады. Ал митингтер, наразылық шаралары сыртқы агрессия емес. Сондықтан азаматтар алаңға шығып жатса, сол үшін сырттан әскер кіргізу шарасын қолданатындай аталған ұйым аясында келісім жоқ.

Елдегі жағдайды бейбіт жолмен шешу үшін аталған елде 19 тамызда «билікті ауыстыру» бойынша кеңес құрылды. Бірақ Лукашенко кеңес мүшелерін «билікті басып алуға талпынып жатыр» деп айыптап, мұның соңы жақсылыққа апармайтынын айтып, елдің батысында әскердің толық дайындық сапына келтіріліп қойылғанын мәлімдеді. Осыған қарағанда Беларусьтағы жағдай жуық арада тұрақтана қоймайтын секілді.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



БАЙДЕН «БӘЙГЕГЕ» ТҮСЕДІ

Демократиялық партия съезінде Джо Байден ресми түрде АҚШ президенті қызметіне үміткер болып белгіленді. Байденнің кандидатурасын қолдаушылардың арасында АҚШ-тың бұрынғы президенттері Бил Клинтон мен Джимми Картер, сондай-ақ АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы Колин Пауэлл болды.

Джо Байден АҚШ президенттігіне кандидатурасын үшінші рет ұсынып отыр. АҚШ-тың қазіргі президенті Дональд Трамп Демократиялық партия кандидатурасын қолдап жүрген республикашыларды сынға алып, Байденді «солшыл партия қолындағы қуыршақ» деп атаған. Трамп қазір Аризона штатында жүр. Сауалнамаға сәйкес, Байден Трамптан озып келеді, бірақ Трамп соңғы аптада көшбасшылыққа жақындай түсті.



МАЛИДЕ КӨТЕРІЛІС БОЛДЫ

Мали президенті Ибрагим Бубакар Кейта бүлікші әскерилердің тұтқындауынан кейін отставкаға кететінін мәлімдеді. Сондай-ақ Кейта парламент пен үкімет құрамы да таратылатынын айтты. 18 тамызда Малидің президенті мен премьерін бүлікші әскерилер үйлерін тұтқындап әкеткені белгілі болды.

Жергілікті және батыс бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, көтеріліс дүйсенбіде Мали астанасы Бамаконың маңындағы әскери күштердің базасында басталған.



КОРОНАВИРУСТЫҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ БАСТАЛДЫ

Еуропа елдерінде Covid-19 қайта өршіді. Францияда соңғы тәулікте коронавирус жұқтырудың 2238 дерегі тіркелсе, Испанияда соңғы күндері науқастардың қатары 5 мыңға артты. Италияда індетке шалдығудың жаңа жағдайларының көбеюіне байланысты түнгі клубтар үш аптаға жабылды. Елдің кейбір аудандарында сағат 18:00-ден таңғы алтыға дейін маска тағу міндеттелді.

19 тамыз күні әлем бойынша індет жұқтырғандардың саны 22 миллион 150 мыңнан асып, 783 мың адам бақилық болды. 14 миллион адам емделіп шықты. Ал Қазақстанда 103571 адам індет жұқтырып, 1415 адам көз жұмды. 86286 адам емделіп жазылды. Алайда індет жұқтырғандардың саны ресми санақтан елде қайда көп болуы мүмкін. Өйткені үй жағдайында емделіп жазылғандардың көбі бұл санаққа енген жоқ.

» 1920 жылдың 26 тамызында В.И.Ленин қол қойған «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет қабылданған. Осы оқиғаға биыл тура 100 жыл толады. Бұл – айтулы тарихи дата. Осынау қазақ қоғамы үшін айтулы, маңызы зор, тағдыршешті оқиғаға орай, біз оқырмандарымыздың назарына төмендегі мақаланы ұсынып отырмыз.



Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

қайраткерлерінің табанды еңбегінің жемісі еді. Құжаттың негізгі қағидалары:

«I. РКФСР-ның бөлігі ретінде Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру және әкімшілік шекараларын белгілеу:

а) Семей облысы: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері.

ә) Ақмола облысы: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл

құрамына Қазақ революциялық комитеті мүшелері енгізілсін;

Ескертпе: Бір жағынан Қазақ революциялық комитеті мен екінші жағынан Түркістан Орталық Атқару Комитеті және Сібір революциялық комитеті арасында Қазақ автономиялы республикасына қатысты аумақ шекаралары туралы қайшылықтар туындаған жағдайда, бұл мәселелер РКФСР орталық мекемелерінің қарауына жіберілсін».

Абылай хан қаза тапқаннан кейін-ақ қазақ жерлері «ұстағанның аузында, тістегеннің қолында кеткені» тарихтан мәлім. «Қайран жерлерді» түгендеу туралы 20-ғасырда мемлекеттік құжат түрінде алғаш рет 1919 жылы 10 сәуірде сөз болды. Сол оқиғаның 100 жылдығы биыл аталмай кетті.

Алашорданың жолы қиылып, үміт үзілді-ау деген шақта, Кеңестік ең жоғарғы билік – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің және Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы туралы» декреті жарық көрді. Сөз жоқ, бұл да Алаш

уездері және Омбы уездерінің бір бөлігі.

II. Қырғыз Автономиялы Республикасының орталық органдарын ұйымдастыру толық аяқталғанға дейін уақытша Ақмола және Семей губернияларына бағынсын.

Сібір және Түркістан құрамында уақытша қалған Қазақ облыстарында бірыңғай саясат жүргізу үшін, Сібір революциялық комитетінің және Түркістан Орталық Атқару Комитеті Президиумының

Осыдан кейінгі ілгерілі-кейінді, сәтті-сәтсіз оқиғалар тізбегі бүгінгі тәуелсіздік дәуіріне келіп ұласты. 1919 жылы 27 тамызда Ресейдің Сібір өлкесін басқару үшін, Омбыда Сібір төңкеріс комитеті орталығы Петропавл болған Ақмола және орталығы Семей болған Семей губернияларын биледі. Осынау ұлан-байтақ аймақта 1916 жылы жүргізілген санақ бойынша, бері қойғанда бір жарым миллионнан асатын қазақ, кейін құрылған

Казревкомның құзыретінен тыс Ресейде қалып қойды. Қазақ АССР-ның құрылуына дайындық басталды.

Кеңес өкіметі туралы жаңа құрылмақ Қазақ кеңестік автономиясы жайлы үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізу үшін 1920 жылғы 22 ақпанда Омбыдағы Казревком өкілдігі жанынан «Кедей сөзі» газеті шыға бастады. Газет бетінде бүкілқазақ құрылтайын шақыруға дайындық жұмыстары жүрді. Редакция алқасындағы М.Жұмабаев, Ғ.Тоғжанов, Б.Серкебаев сияқты қаламгерлер Қазақ жұмхуриаты жайында түсінікті әрі әсерлі насихат жүргізді.

Қазақ әскери-революциялық комитетінің мүшесі әрі болашақ Қазақстан билігінің Бүкілресейлік Орталық атқару комитетіндегі өкілдігі алқасының төрағасы ретінде Әлімхан Ермеков 1920 жылғы 18 мамырда Мәскеуге


ның қуылғанын, Каспийдің солтүстік жағасына қазақтардың жолы алмай отырғанын айттым» деп еске алады Ә.Ермеков.

1920 жылы 20 шілдеде Қызылжарда, 21-27 шілде аралығында Көкшетауда, 23-26 шілдеде Ақмолада, 2-5 тамызда Атбасарда Кеңестердің бірінші съезі болып өтті. Бұл кезде Петропавл Омбы уезіне қарайтын. 1920 жылы 9-10 тамызда БОАК жанында В.Лениннің төрағалық етуімен Қазақ автономиясының Сібірмен шекарасы, оның Ресеймен өзара қатысы туралы мәселелерді талқылауға арналған кеңес басталардың алдында Петропавл уезінің қазақтары жиналып, Мәскеуге мынадай жеделхат жолдады: «1920 жылғы 4 тамыз. Біз, Омбы губерниясы Петропавл уезі 15 болысының қазақтары Қазақ республикасының шекарасын анықтауға арналған комиссияның құрылуын қолдай-

ҚАЗАҚ ЖЕРІ ҚАЛАЙ ШЕГЕНДЕЛДІ?

барып, Қазақ республикасының шекара жігін анықтау, нақтылау, даулы мәселелерді одақтық мекемелер арқылы шешумен айналысты. «Мәскеуге келген бетте мен В.Лениннің төрағалығымен өткен кеңеске қатысып, Қазақстандағы жағдайды баяндадым. Столыпин реформасы кезінде қазақтардың жері жаппай тартып алынғанын, Ертістің сол жағасындағы оншақырымдық жолақ 1904 жылы казактарға беріліп, қазақ халқы-

мыз және этнографиялық, тарихи және экономикалық жағынан тығыз байланысты Петропавл уезі Қазақ өлкесінің құрамына енуі керектігіне сенім білдіреміз [ЦГАОР СССР, 1318-қор, 1-тізбе, 141-іс, 59-бет; «Образование Каз. АССР», стр. 244]. Осы құжатқа берілген түсініктемеде жеделхатқа қол қойған болыстардың өкілдері туралы хаттаманың мұрағатта сақталғаны көрсетілген. Олар Келтесор, Сарайғыр, Тайын-



ша, Жамантұз, Еменәлі, Таузар, Смайыл, Ақдус және Анастасье болысының қазақтары екен.

Шекара анықтау жөніндегі Мәскеудегі кеңеске Сібірревком да дайындалып, Ресей мүддесін қорғап, қазақ өлкесіне Петропавл, Павлодар, Семей, Өскемен және басқа Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарын бермеу туралы ұсыныспен барды. Кеңесті басқарушы Совнарком төрағасы Ленин Сібірревком мен Ә.Ермеков бастаған қазақ делегациясының өкілдерінің пікірімен танысып, Сібірревком ұсынысының «халықтар арасындағы араздықты күшейтетінін» айтып сынады. Ол «бұрынғы Қыр өлкесінің батысы мен шығысындағы даулы аймақты бөлшектемей, жаңадан құрылмақ Қазақ автономиялы республикасына тұтас қалпында беруге» нұсқау берді.

1920 жылы 26 тамызда В.Ленин қол қойған «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру» туралы декрет жарияланды. Декретті жүзеге асыру үшін қабылданған қаулы бойынша Қазақ Автономиясының құрамына: Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары; Закаспий облысының Маңғыстау уезі; сол облыстың Красноводск уезіндегі 4 және 5 адай бөлістары; Астрахан губерниясынан: Синеморье болысы, Бөкей ордасы, 1-ші және 2-ші Приморье округіне жапсарлас жатқан болыстар. Құжаттың бір осал жері – «Қазақ республикасының Ақмола және Семей губернияларының басшылығын қабылдай алатын орталық органдары түпкілікті ұйымдастырылғанға дейін соңғылары уақытша Сібірревкомының қарамағында қала беретіндігі» айтылған.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда Қазақстан Кеңестерінің бірінші Құрылтай съезі өтіп, онда Қазақ АКСР-ның құрылғаны ресми

түрде жарияланды. Қазақ Орталық Атқару комитеті Президиумының құрамына: С.Меңдешев (төраға), В.Радус-Зенькович, Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, Б.Алманов, Ж.Сәдуақасов, Ғ.Бөкейханов, Ә.Досов т.б. кірді. Ерекше назар аударатын бір жай, С.Сейфуллиннің қатысуымен «Қазақ АКСР-ның территориясында отарлаудың кез-келген түріне тыйым салу туралы» декреттің жасалуы еді. Құжаттың көшірмесі С.Сейфуллин басқарған Жер комиссиясының шешімімен 30 қарашада РКФСР Жер халық комиссариатына жіберілген. Бұл – қазақ жерлерін отарлауға заңды түрде шек қойған ең алғашқы құжат болатын.

Дегенмен қазақ жерлерін түгелдей оңай болған жоқ. Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан құрамына енгізуде Омбыдағы Сібір революциялық комитетінің (Сібірревком) мүшелері ашық қарсылық көрсеткенін айттық. 1920 жылдың екінші жартысында олар Қазақстанмен шекараны белгілеу мәселесін бес рет қарады. Тіпті Қазақ АКСР-ның құрылғаны жарияланғаннан кейін де Ақмола және Семей облыстарын қайтару кейінге қалдырыла берді. Осынау ұлы тартыста Сәкен Сейфуллиннің аталған екі облысты Қазақ автономиясына қайтаруда ерекше табандылықпен ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткер екендігін тарихи құжаттар дәлелдеп отыр.

1920 жылы 19 қазанда Сібір бюросының мәжілісінде Сібірревком өкілі Е.Полодов Ақмола және Семей губернияларын 1921 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақ АКСР-ына қосу туралы съезде қабылданған қаулыға қарсылық білдірді. Оның ойынша, «Съезд қазақ шовинизмі басым болған жағдайда өткен. Ақмола, Семей облыстарын қазақ өлкесіне беру мүмкін емес, бұл Орталық Ресей үшін Сібірдегі астық дайындау жұмысына кедергі келтіреді, азық-түлік дайындау тапсырысы негізінен осы екі облысқа жүктелген. Және Қазақ АКСР-ның орталық аппараты екі облысты қабылдап алуға, басқаруға дайын емес».

Сібірдегі коммунист басшылардың қарсылығына Қазақ Үкімет мүшелері қатты қиналды. Орталық билікке жүгіну ғана қалған еді. Мәселені талқылай келе, Қазақ Орталық Атқару Комитеті Мәскеуге Сәкен Сейфуллинді жіберуге ұйғарды. «Мандат № 715. 11.XII.1920. Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі С.Сейфуллин жолдас Ақмола және Семей облыстарының іс-жағдайымен таныс болғандықтан, сол облыстың өкілі ретінде 10. XII. күнгі № 21 қаулымен Мәскеуге арнайы жіберілсін және Қазақ АКСР-ның өкілдерімен аталған облыстарды Қазақ республикасына қосуды тиянақтасын».

Мәскеудегі басшылармен шешетін аса қиын, жауапты тапсырма Сәкенге неге жүктелді деген сұраққа жауап іздеу артық болмас. 1920 жылы 22 желтоқсанда С.Сейфуллин Кеңестердің VIII съезіне қатысып, БОАК төрағасы М.Калининмен кездесті. Ақмола және Семей облыстарының қазақ халқына тән екендігін тарихи-этнокалық дәлелдерге сүйене отырып шешу үшін Төтенше комиссия құру керектігі жөнінде кеңес алды. Осылайша, 1921 жылы 16 ақпанда Қазақ ОАК-нің шешімімен Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға қосатын және олардың басқару аппаратын жасақтайтын Төтенше өкілдігі бар комиссия құрылды. Комиссияның төрағалығына С.Меңдешев, мүшелігіне С.Сейфуллин, Ә.Досов, Ғ.Әлібеков,

П.Заромский кірді. Төтенше комиссия жайында Ереже бекітілді. Бұл жөнінде С.Сейфуллинге берілген № 654 мандатта: «Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі С.Сейфуллин Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алатын және оларды басқару аппаратын құратын Төтенше – Өкілетті комиссияның мүшесі. С.Сейфуллиннің құқы мен өкілеттілігі Қазақ ОАК-нің I-сессиясында қабылданған комиссия туралы Ережеге сәйкес белгіленді» делінген. С.Сейфуллиннің мұндай аса жауапты мемлекетаралық мәселе шешетін комиссияға мүше болуы кездейсоқ емес. Себебі Қазақ республикасы аумағының тұтастығын қалпына келтірудегі көкейкесті мәселені шешуде С.Сейфуллин бұған дейін республикалық Әкімшілік комиссиясының құрамында істеген және Жер комиссиясын басқарып, тәжірибеден өткен. Ақмола және Семей облыстарының тарихи-этнокалық және географиялық жағдайын жақсы білетін, мұның алдында осы мәселе жөнінде Орталықтағы басшылармен тілдескен, мойнына алған істі аяғына дейін жеткізе алатын табанды қайраткер болатын (1920 жылы 11 желтоқсандағы № 715 мандатқа қараңыз).

Құрылтай съезінің шешімдеріне қарамастан, жаңадан құрылған Қазақ республикасының шығыс шекараларына қатысты түйткіл мәселелер 1921 жылдың басында да шешіле қоймады. Осыған байланысты 17 наурызда Ә.Әйтиевтің қолымен Мәскеудегі жоғары билік органдарына Сібірревкомның іс-әрекетіне наразылық хат жолданды. Сол кезде қазақтың бір сүйем жері үшін жан сала күрескен қайраткерлердің еңбегін көзге елестету үшін мына құпия құжатқа көз салайық. КазЦИК төрағасы әрі Қазақстан шекарасын реттеу туралы төтенше комиссияның басшысы Сейтқали Меңдешевтің 1921 жылы 19 наурызда Петропавлдан Мәскеуге жолдаған шұғыл жеделхатында былай делінген: «СҚОММ, 43-қор, 1-т Құпия. Мәскеу. Қазақстан өкілдігіне. БОАК мүшесі Мырзағалиевке. Шекара жөніндегі пікірім мынадай: Семей губерниясы, Ертіс және Павлодар аудандарын қалдыру туралы табанды болыңыз. Ал, Омбы қаласын Қазақстанға қосу жөнінде мәселе асқынатын болса, күштемей-ақ қойыңыз. Біздің өкіліміздің Ертіске шығуы (яғни, Ертіске қол жеткізу) туралы ұсынысымызды өткізу қажет. Ең болмаса, Омбы уезінің қазағы басым бөлігін алып, Ертіске қол жеткізумен шектелуге болар. Есіңізде болсын, бұл мәселені федералдық биліктің алдына қойғанда, бұл қазақтар Омбы уезінде қалса, сөзсіз қырғынға ұшырайды, біз оларды аман сақтап қалуға күш салып отырғанымызды жеткізіңіз».

Сол күні Төтенше комиссия мүшелері Петропавлдан Омбыға келіп, Сібірревкоммен екі жақтың 10 адамынан біріккен комиссия құрылып, 26 күн жұмыс істеді. «Жұмыс істеді» деген екі сөздің астарында қанша айтыс-тартыс, ұлт мүддесі, жер дауы, саяси жүрес жатқандығы сақталған құжаттарға қарап отырып, мынадай бірнеше оқиғамен сипаттауға болар: 1921 жылдың 12 мамырына дейінгі аралықта комиссия 6 рет, бюро мәжілісі 15 рет жиналды. Бастапқыда ұйымдық мәселелерде келісімге келгенімен, мемлекетаралық шекараға байланысты мәселеде Сібірревкомының өкілдері шовинистік, ұлтшылдық пиғылдарын айқын көрсетті.

Өте тартысты жағдайда өткен

1921 жылғы 7 сәуірдегі біріккен комиссия мәжілісінде екі жақтың мүдделері қайшы келді. Мәжіліске Сібірревком жағынан Чуцкаев, Михеев, Дубровский, Темкин, Шиша, қазақтардан: Меңдешев, Сейфуллин, Заромский, Досов, Әлібеков, Сергеев, Әйтиев, Попов қатысты. Сібірревком жобасын қорғаған Чуцкаев: «Сібір мен Қазақ республикасының шекарасы дегеніміз тек шартты түрдегі түсінік, екеуінің арасына қалқан қою қажет емес. Сібір жерінде қалатын қазақтардың мүддесі орыс тұрғындармен бірдей қорғалады. Павлодар уезінің солтүстік бөлігі Сібірге қарауы керек, өйткені бұл ауданның тұзды көлдері Сібір үшін өте маңызды» дегенді көлденең тартты. Бұл пікірді қазақ өкілдері кері серпіп тастады. Олар: «Қазақ республикасын құрған уақытта оның негізіне этностық принциптер алынғанын, ал экономикалық принциптің тек қосалқы ғана мәні бар» деп Сібірревком мүшелеріне мынадай талаптар қойды:

– Семей губерниясынан Павлодар уезінің бөлінуі шаруашылық дамуына нұқсан келтіретіндіктен, бұл талап орындалмайды;

– Қазақ өкілдігінің шекара жөніндегі нұсқасы қабылдануы қажет. Омбы уезінің қазақтар мекендейтін бөлігі толығымен Қазақ республикасына қосылды. Теміржол қатынасы Есілкөл станциясы арқылы жүргізілетін болады;

– Есіл уезінің 13 болысы Қазақ республикасына қосылуы керек;

– Бұқтырма уезі Семей губерниясының аумағында, сондықтан Қазақ республикасына сөзсіз берілуі керек.

Қазақ қайраткерлері Сібірревком дайындап, ұсынған жоба Қазақ мемлекетінің ұлттық тұтастығын бөлшектеуге әкелетінін түсінді. Сондықтан екі жақтың біріккен комиссиясы «Шекара мәселесі жөнінде келісімге келе алмағандықтан, ақтық шешім шығару БОАК-нің қарауына берілсін» деген қаулымен тарауға тиіс еді. Дегенмен қазақ өкілдерінің өзіндік көзқарастарын берік ұстауы мен табандылығы арқасында мәжіліс соңына қарай біріккен Сібір қазақ комиссиясы бір шешімге тоқтады. С.Сейфуллин, Ә.Досов, С.Меңдешев және П.Заромский қол қойған қаулыда: «Семей губерниясы 20 сәуірден бастап Қазақ өлкесіне беріледі» делінген.

9 сәуірде Е.Полодовтың жетекшілігімен өткен кезекті бюро мәжілісінде орталығы Петропавл қаласы болатын Ақмола губерниясының 7 адамнан құралған жетекші тобын құру мәселесі қаралды. Төрағасы Ә.Әйтиев болып, Коротков, Барлебен, Асылбеков, Шәріповтерден құралған революциялық комитет билікті қолға алды. Төтенше комиссияның ұйғарымымен «Сейфуллин жолдасқа жаңадан құрылған Ақмола губерниялық ревкомының жұмысына жәрдемдесу тапсырылды» деген құжат сақталған. С.Сейфуллиннің ұлт мүддесін қорғау жолындағы қайраткерлігі комиссия және бюро мәжілістерінде талас тудырған мәселелерді шешудегі белсенділігінен айқын көрінеді. 22 сәуір күні өткен мәжілісте Ақмола губерниясының халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету жайы қаралған. Екі жақты комиссия белгілеген шаралардың орындалуына көз жеткізу үшін С.Сейфуллиннің ұсынысымен аталған мәселе 30 сәуір күнгі мәжілісте қайта қаралып, Ақмола губерниясы уездерін астықпен қамтамасыз ету, мемлекетке астық және мал өнімдерін дайындауды тоқтату



Комиссияның Мәскеуге жүгінген талаптары қазақ пайдасына шешілгені туралы хабар жетті. Екі жақ келісімге келіп, 11 мамырда Сібірревком және Қазревком өкілдері мәжілісінің шешімімен Ақмола және Семей губерниялары Қазақ АКСР-ына қайтарылды. 1921 жылы 12 мамырда С.Меңдешев пен РК(б) П ОК Сібір бюросының хатшысы В.Яковлев барлық партия органдарының Сібір қарамағынан Қазақ АКСР-ына берілгендігі, Семей және Ақмола губерниялық комитеттеріне Сібір бюросымен қатынас жасауды тоқтату, Орынборға сөзсіз бағыну жөніндегі актіге қол қойды

мәселелері оң шешімін тапқан.

1921 жылы 10 мамырдағы мәжілісте «Ақмола және Семей облыстары әкімшілік жағдайында 10 мамырдан бастап, Қазақ республикасына қарайды» деген қаулыға С.Сейфуллин де қол қойды. Осы күні аса маңызды бірнеше мәселелер өз шешімін тапты. Атап айтсақ, мұның алдында 18 сәуір күні қаралғанымен, аяқсыз қалған Омбы қаласындағы жоғарғы оқу орындарында Ақмола және Семей губерниялары жастарына орын беру туралы Сібір халық ағарту бөліміне ұсыныс жасау мәселесі де Сейфуллиннің талап етуімен тиянақ тапты.

Комиссияның Мәскеуге жүгінген талаптары қазақ пайдасына шешілгені туралы хабар жетті. Екі жақ келісімге келіп, 11 мамырда Сібірревком және Қазревком өкілдері мәжілісінің шешімімен Ақмола және Семей губерниялары Қазақ АКСР-ына қайтарылды. 1921 жылы 12 мамырда С.Меңдешев пен РК(б)П ОК Сібір бюросының хатшысы В.Яковлев барлық партия органдарының Сібір қарамағынан Қазақ АКСР-ына берілгендігі, Семей және Ақмола губерниялық комитеттеріне Сібір бюросымен қатынас жасауды тоқтату, Орынборға сөзсіз бағыну жөніндегі актіге қол қойды.

Комиссияның ұйғарымымен таяуда қосылатын екі облыста кеңестер сайлауына дайындық жұмыстарын жүргізу қаралды. С.Сейфуллинге еңбекші қазақ халқына кеңестер сайлауына байланысты үндеу дайындап, оны газет бетіне жариялау және жемқорлық пен парақорлықтың жолын кесу кеңес органдарының бақылауында екенін атап көрсету тапсырылды. Қазақстан мен Ресей арасындағы жер дауы осылай шешілген. «Кирреспубликаның шекарасы туралы» Бүкілодақтық Атқару комитетінің 1922 жылы 26 қаңтардағы қаулысымен біржола хатталып, солтүстік-шығыстағы аумақтар Қазақстан қарамағына беріліп, қазақтың байырғы жерлері мүмкіндігінше біртұтас қалпында сақталып қалды.



Бірде әлеуметтік желіден танымал кәсіпкер Марғұлан Сейсембайдың мынадай пікірін оқыдым: «Үкіметіміз ақпараттандыру мен цифрландырудың дамуына жұмсаған қаражатқа әлемнің ең жоғары технологиялы компанияларының тізімінің жартысын құруға болар еді. Америкалықтарда «Тек су қайтқанда ғана кім дамбалсыз жүзгені көрініп қалады» деген жақсы мақал бар. Өкінішке қарай, Білім министрлігі өзінің «Күнделігімен», Денсаулық сақтау министрлігі өзінің үлестес «DatuMedіmen», e-gov электронды үкіметі, цифрландыру деп аталатын көпжылдық жобасы құмға сіңген судай ғана болып отыр. Алайда, Беларусь секілді осындай тапсырыстарды жеке IT компанияларға берсе, Қазақстанның IT секторын толығымен зор қарқынмен аяққа тұрғызуға болар еді. Олар осы жұмысты жүз, тіпті, мың есе арзанырақ жасайтындарына сенімдімін».

Жөн сөз. Шынында да біздің қоғамды құрдымға кетіретін жемқорлық десек қателеспейміз. Биыл наурыздан бері зәремізді ұшырып, күнделікті өмірімізді мүлдем өзгертіп жіберген індет елімізде жемқорлықтың түп-тамыры тереңдеп кеткенін көрсетті. Түйені түгімен, биені бүгімен жұтқан жалмауыз жемқорлардың саны күн сайын жауыннан кейінгі саңырауқұлақтарша қаптап келеді. Жаңалықтар таспасын қарап отырсаңыз, құзырлы агенттік күн сайын бір жемқорды ұстайды. Бұлай бетімізбен кете берсек, індеттен мың есе қауіпті жегікүрт ұлтымыздың түбіне жетері анық.

191 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАЙДА ЖҰМСАЛДЫ?

Ерте көктемде елімізді алапат ауру шошытқанда індетпен күресуге мемлекет қазынасынан 191,9 млрд теңге бөлінгені мәлім. Одан бөлек, тағы 400 млн АҚШ долларына жуық қаражат жұмсалған. Таң қаларлығы сол, осы қаражаттың 600 млн теңгесі флешмобтарға, бейнероликтер түсіру мен беймәлім PR-науқанға жұмсалыпты. Ал 200 млн теңгенің қайда кеткенін әлі ешкім білмейді. Қайран, желге ұшқан миллиондар-ай!

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі қызметтің республикалық арнайы бақылаушылар тобының жетекшісі Айгүл Соловьева сарапшылар тобының індетке бөлінген ақшаның қайда жұмсалғанын тергеуге кіріскенін мәлім етті. «Менің қолымда 600 млн теңгенің жай флешмобтар көрсеткен қандай да бір пиар-науқанға жұмсалғаны туралы ақпарат бар. Бұл қаражатқа науқастарды емдеуге керекті дәрі-дәрмек, медициналық жабдықтарды сатып алуға болатын еді. Солай істегенімізде індетке қатысты ахуал маусым, шілде айларында қатты ушықпас еді» дейді Айгүл Соловьева.

Ол 600 млн-ның 200 млн-ы қайда жұмсалғанын ешкім білмейтінін айтады. «Біз қазір талдау жасауға кірістік. Егер бұл ақша шынында жұмсалмаған болса оны да тексереміз. Бірақ ақшаның қайда кеткенін табу оңайға соқпайды. Өйткені ол тендер арқылы белгілі бір компанияның шотына аударылды ғой. Демек тендерді ұтып алған сол компанияның ақшасы деген сөз. Алайда біз індетке бөлінген қаражаттың қалай жұмсалғанын толық анықтаймыз» деп түсіндірді



ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТТЕН ДЕ ҚАУІПТІ

» Өткен жылмен салыстырғанда жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 11 пайызға артқан, яғни, 820-дан 912-ге өскен. Бұл мәліметті кеше сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялады. «Transparency International ұйымының 2019 жылы өткізген сауалнамасының қорытындысы бойынша азаматтардың 28,7 пайызы мемлекеттік ауруханалар мен емханаларды сыбайлас жемқорлықтың ордасы деп атаған. Бұл басқа мемлекеттік мекемелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары, мысалы, полиция – 11,3%, жер қатынастары басқармасы – 7%, мемлекеттік балабақшалар – 6,9%. Өз денсаулығына алаңдап ауруханаға барған адамдардың қажетті медициналық көмек алу үшін кімге қанша ақша берем деп уайымдауына жол беруге болмайды» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың табысы азайып, экономиканы қолдауға бағытталған қаржыны жымқыру тәуекелі артқан пандемия кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті.

мәселенің мәнісін бақылаушылар тобының жетекшісі. Желге ұшқан миллиардтарды жұмсаумен Денсаулық сақтау министрлігі айналысты.

КІМГЕ СЕНЕМІЗ: ШОЛПАНҚҰЛОВҚА МА, ЦОЙҒА МА?

Індетпен күресуге бөлінген қаражаттың үш түрлі сомасы айтылып, жұртты шатастырғаны рас. Әуелі Қаржы министрінің орынбасары Берік Шолпанқұлов: «Пандемиямен күреске республикалық бюджеттен 191,2 млрд теңге бөлінді. Соның ішінде бюджетті нақтылау аясында 125 млрд теңге, Үкімет резервінен – 66,9 млрд теңге бөлінді» деді ол. Алайда вице-министрдің «Бұл ақша мемлекеттік сатып алудан соңғы тұтынушыға жеткенше бақылауда болады» дегені шындыққа жанаспай тұр.

Көп ұзамай-ақ Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой індетпен күресуге министрлікке 114,8 млрд теңге аударылғанын хабарлады. Сонда кімнің сөзіне сенеміз? Бұл әлгі жаңылтпаш айтатын балалардың ойынына ұқсап кетті. Соны сезгендей, Берік Шолпанқұлов: «Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайлов ол кезде барлық мемлекеттік органдар бөлген соманы айтты. Ал Алексей Цой өзінің министрлігіне қатысты соманы жеткізді» деп айырмашылығын түсіндірмекші болды.

«ФАРМАЦИЯ»-ДАҒЫ БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ

«Фармация» ЖШС 2009 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның жа-



Ерте көктемде елімізді алапат ауру шошытқанда індетпен күресуге мемлекет қазынасынан 191,9 млрд теңге бөлінгені мәлім. Одан бөлек, тағы 400 млн АҚШ долларына жуық қаражат жұмсалған. Таң қаларлығы сол, осы қаражаттың 600 млн теңгесі флешмобтарға, бейнероликтер түсіру мен беймәлім PR-науқанға жұмсалыпты. Ал 200 млн теңгенің қайда кеткенін әлі ешкім білмейді. Қайран, желге ұшқан миллиондар-ай!

нынан құрылып, 4 жылдан кейін Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына өтті. Сол уақыттан бері, 11 жылда 6 төрағасы ауысыпты. Басынан дау арылмаған компанияның бірнеше басшысы істі болды. Солардың бірі – жуырда ұсталған экс-басқарма төрағасы Берік Шәріп. Алайда Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі 10 шілдеде қызметінен босатылған Б.Шәріпке қатысты: «14 тамыздан бастап соттың санкциясымен

күдікті қамауға алынды. Кінәлілігі туралы соңғы шешімді сот шығарады» деген ғана шолақ ақпарат таратты.

Індеген індет «Фармацияның» барлық былық-шылығын әшкерелеп берді. Ауру жұқтырған адамдардың саны көбейіп, дәріханаларда дәрі-дәрмектердің бағасы күрт қымбаттап кеткенде құзырлы құқық қорғаушы мекемелер «СК-Фармацияның» қоймаларында науқастарға қажетті дәрі-дәрмектердің сөрелерге сыймай тұрғанын анықтады. Ол ол ма, еліміздің өңірлерін қажетті дәрі-дәрмек, медициналық бұйымдармен қамтамасыз ететін компания шетелдерден келген гуманитарлық көмекті қасақана кешіктіріп, таратыпты. Мысалы, мамыр айында Катардан әкелінген жүк шілденің басына дейін аймақтарға бөлініп, жіберілмеген.

«СК-Фармацияның» төңірегіндегі былықтарға бірден назар аударған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев компанияға сенімсіздік білдірді. Президент Үкімет мүшелерімен өткізген жиында «кандық мүдделер топтастырылған» мекемеде жұрттың бәрі жұмыс істеуге ұмтылатынын сынға алды. Көп ұзамай, Президенттің тапсырмасымен Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі компанияны жемқорлық қылмыстарға қатысты тергеуді бастады. Берік Шәріптің орнына Премьер-Министр Асқар Маминнің келісімімен Ерхат Ысқалиевті тағайындады.

ҚОРДЫҢ ҚОРЫ ҚАНША?

«СК-Фармациямен» қатар Міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыру қорының айналасындағы жанжалдың оты да бірге тұтанды. Халықтың миллиардтарының ұрланып, ешкімнің бақылауынсыз қалған қордың да басынан дау-дамай кеткен емес. Мәселен, МӘМС-тің бұрынғы басшысы Айбатыр Жұмағұловтың әйелі Гүлбаршын Заирова әлеуметтік желіден өзіне күйеуінің 12-ші жаңа автокөлігін сатып алып бергенімен мақтанып, халықтың ашу-ызасын туғызды. Кейінірек Жұмағұловтың өзі «бұл жалған ақпарат, ашық диверсия» деп мәлімдеді. Алайда бұл жердегі жемқорлықтың бар-жоғын құзырлы органдар әділ, ашық тергеуі тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтегі басқосуда Денсаулық сақтау министрі А.Цойға МӘМС-тің басшысы А.Жұмағұловты қызметінен босатып, оның орнына барынша іскер және сәнқой емес адамды тағайындауды тапсырды. Алексей Цой бұл орынтаққа Болат Төкежановты лайық көріпті. Әрине, жаңа басшылар халық пен биліктің өзіне артқан сенімін ақтай ма, жоқ па оны уақыт көрсетер.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Қазір індеттің беті қайтып, жағдай біршама тұрақтала бастады. Алайда халықтың басына қауіп-қатер төнгенде, жүздеген науқастар ауруханаларда дәрі-дәрмектің жоқтығынан көз жұмғанда жауапсыздық пен жемқорлықтың барша қазақтың арқасына аяздай батқанын көзімізбен көрдік. Алайда уақытта мұндай жағдай қайталанса қайтпекпіз? Осығана орай, үш сарапшының ой-пікірін беруді жөн көрдік.

Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, ЭКОНОМИСТ:

«Биыл жазда індет жайлағандағы алапат трагедияны Құдай басымызға енді бермесін! Әрине, кеудесінде жаны бар адамға өлімнің бір келері хақ. Бірақ ауырған адамдардың дәрі-дәрмектің, өкпені жасанды желдету аппаратының, ауруханадағы орынның, дәрігердің жетіспеушілігінен көз жұмуы өте өкінішті және аянышты! Бұл – италиялық сценарий емес, соңғы 30 жылда бюрократия мен жауапсыздық жемқорлықпен қосылғанда көрген ауыр қайғымыз, жазылмас қасіретіміз!».

Рақым ОШАҚБАЕВ, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры:

«Біз бүгін МӘМС-тегі жалған реформаның құрдымға кеткенін мойындауға тиіспіз. Біз 2,5 жыл бойы ақшамызды осы құрылымға аударып келеміз, бірақ ешқандай көмегін көрмедік. Өз қалтамыздан қаражат төлесек те, індет жайлағанда дәріханалардың есігін тоздырып, ПЦР-тестілеуге шығындалдық. Бұл – бюджеттен тыс төленетін квазисалық! Ал МӘМС деген жабық, қараусыз қалған құрылым. Ондай құрылымның не керезі бар?».

Ерлан САИРОВ, саясаттанушы:

«Меніңше, аталған құрылымдардағы жемқорлыққа қатысты жедел, өте қатаң шаралар қабылдау қажет. Лауазымды тұлғалардың өз ісіне жауапсыздығынан қаншама адам қайтыс болды. Сол қоймадағы дәрілерді дер кезінде жеткізіп, қаншама адамның өмірін сақтап қалуға болар еді. Біз қиын сәтте жақындарымызға көмек бере алмадық.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 4 columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date, and Description. Rows 763-889.

Table with 4 columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date, and Description. Rows 790-916.

Table with 4 columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date, and Description. Rows 817-933.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Middle Name, Date, and Description. It lists candidates for various positions, including members of the Constitutional Court and judges of the Constitutional Court.



Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Middle Name, Date. Contains entries 1006-1023 regarding public service positions.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Middle Name, Date. Contains entries 1024-1036 regarding public service positions.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Middle Name, Date. Contains entries 1037-1049 regarding public service positions.

(Жалғасы бар)

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы

14.08.2020

№525/70-VI

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй – коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй – коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй – коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі

Тұрғын үй комиссиясының құрамы бекітілсін. 2. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде апаратын үйлерді бұзу бойынша пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі Тұрқтық комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 31 қазандағы № 445/56-VI шешімі жойылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы

З. Жүсіпова

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а.

М. Шайдаров

2020 жылғы 14 тамыздағы Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының № 525 /70-VI шешіміне қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй – коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі Тұрғын үй комиссиясының құрамы

Нұркенов Нұрлан Жанбыршыұлы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға

Төребеков Берік Жолмұханұлы – Нұр-Сұлтан қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің орынбасары

Есенбаев Асылбек Есімқанұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы, төрағаның орынбасары

Даулетов Жандос Мұратұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Ахметов Төлеген Оңашабайұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі бұзу бөлімінің басшысы, хатшы

Жанбыршы Алмас Мәлікұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Касенов Марлен Маратұлы – Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданы әкімінің орынбасары

Қойшыбаев Төлепберген Мұхаметқалиұлы – «Елорда даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының орынбасары

Турдыбеков Ришат Уалиханұлы – Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы әкімінің орынбасары

Сүндетов Асланбек Серікұлы – «Elorda Aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының кеңесшісі

Қайыржанов Әнуар Талғатұлы – Нұр-Сұлтан қаласы «Есіл» ауданы әкімінің орынбасары

Шибкенов Зейнолла Рахымұлы – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы 2020 жылғы 28 тамыз күні сағат 09.00-де Нұр-Сұлтан қаласы, ж.Ташенова 3 мекенжайында орналасқан Астана өңірлік филиалының ғимаратының шатырына күрделі жөндеу жүргізу мердігерлік ұйымды таңдау бойынша ашық тендер өткізетін хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакеттерін 2020 жылғы 26 тамызға дейінгі мерзімді қоса алғанда, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй, 501 бөлме, әкімшілік-шаруашылық бөлімінен, сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін (жұмыс күндері) алуға болады.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінімдер берген барлық келген әлеуетті мердігерлердің қатысуымен мына мекенжай бойынша ашылады: Нұр-сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8-(7172) 59-19-59; 59-14-38 телефондары арқылы алуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№9 Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» КММ балаларды келесі спорттық секцияларға ақысыз негізде қабылдайды:

Table with 2 columns: Sport section, Age group. Includes: Садақ ату - 11-13 жас, Нысана ату - 12-14 жас, Стенд ату - 12-14 жас, Семсерлесу - 8-10 жас, etc.

Астаналық бір топ достары медицина ғылымының докторы, профессор Мажитов Талғат Мансұрұлының қайтыс болуына байланысты оның отбасына және ата-анасы – Мажитов Мансұр мен Күләш Ниетқалиеваға қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



175 ЖЫЛ

Ұлы Абай Құнанбайұлының мерейтойы

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі Абай күні мен хакімнің 175 жылдық мерейтойына арнап «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы» атты онлайн шара өткізді. Шара аясында белгілі қаламгерлер, ғалымдар, өнер иелері тұлға туралы ойларымен бөлісті.

– Абай ешқашан ескірмейді. Қай заманда, қай ғасырда, қай дәуірде Абайдың руханиятта аты озып, ұлы қазақ көшіне жол көрсетіп тұрады. Қалың ел – қазағының ішінде отырып, Абай прогресске, жаңаруға, жаңалыққа, жаңғыруға үңілді. «Өзіндікі дей алмай өз малыңды, күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың» дейді данышпан. Мұнысымен өз малыңа, өз жеріңе, өз байлығыңа өзің ие бола алмайсың, егер жаңалыққа, ғылымға, білімге ұмтылмасаң дегенді айтып отыр. Абай өлеңдерінде, Абай қара сөздерінде ұлттың дамуына үндейтін, ұлттың бірлігіне шақыратын даналық ойлар өте көп. Абай бізбен бірге жаңғыра береді, бізбен бірге жасай береді. Қазақ руханиятының көшбасшысы болып мәңгілік өмір сүреді, – деді жазушы, драматург Роза Мұқанова.

Абайды ұлы даланың рухани шырағданына, қазақ қоғамының шамшырағына теңеген белгілі әдебиеттанушы ғалым Серік Негимов хакім қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы екенін атап өтті.

– Абай – классикалық қазақ әдеби тілінің пірі. Өзінің ойшылдығымен, хакімдігімен, композиторлығымен, тәржімашылдығымен, әңгімешілігімен, әлеуметтік қызметімен ел тарихындағы айтулы тұлға, – деді ғалым.

Ақын, филология ғылымдарының докторы Жанат Әскербекқызы, ақын Серікзат Дүйсенғазы, жазушы, драматург, аудармашы Әлібек Байбол, режиссер Айдын Салбан хакім тұлғасы мен мұрасына көзқарасын жеткізді.



СУРЕТ СЫРЫ

ШӘМШІ ЖӘНЕ ЖЕЗҚАЗҒАН

» 1978 жылы Жезқазған тау-кен комбинатының жарты ғасырлық мерейтойы атап өтілді. Сол кезде атақты композитор Шәмші Қалдаяқов кеншілер қаласына арнайы келіп, халықпен кездесті. Бұған өңір фотошежіресін жасаған, мысты аймаққа белгілі фотошебер Бекет Түбековтің мына суреттері айғақ.

Сол сапарында немесе одан кейін Шәмші ақын Нұрсұлтан Әлімқұловтың өлеңіне «Жарқырайды Жезқазған» әнін жазды.

Қандай теңеу ойлап табам,
Қол жетпестей күз едің.
Екі көзің ойнақтаған,
Жезқазғанның қызы едің.
Кешіре гөр, өтінемін,
Жүрсің бе әлде елеңдеп?
Сырға тағып кетіп едім,
Биыл күзде келем деп.
Көзге оттай басылады,
Кенді белес, адырлар.
Сары алтынның сапырады
Сом білекті батырлар.
Кеншілердің қаласынан
Оттың көрдім тізбегін.
Сол жалынның арасынан
Сәулем, сені іздедім.
Таптым сені, ән шығардым,
Құлашымды сермедім.
Жүрегімнің шамшырағын
Жағып тұрған сен бе едің?!

Бұл әніме қосыласың,
Бар ма бізде өзге арман?
Қызыл гүлдей ашыласың,
Жарқырайды Жезқазған, – деп келетін бұл әннің алғашқы орындаушысы бел-

гісіз. Анығы 1992 жылы жезқазғандық әнші, актер Дүйсен Кенжеев осы туындыны Шәмші әндерінің бірінші фестивалінде орындап, арнайы жүлденің лауреаты атанды. Бұл әнді сол уақытта Жезқазғанда қызмет істеген белгілі күйші, ұстаз Жанғали Жүзбай іздеп тауып, әншіге ұсынған еді. Әнді нотаға да түсірді.

Шәмшінің осындай әні бар екенін студент күнімде курстасым, марқұм Берен Бодановтан естіп білдім. Мәтінін де содан жазып алдым. Екеуіміз әнді шырқайтын адамды іздеп көрген едік, таба алмадық. Осыдан он шақты жыл бұрын бұл туралы мақала жазғанымнан соң, әннің орындаушысы табылды. Оған журналист Абдолла Дастанов дәнекер болды. Бірақ арада қанша

уақыт өтсе де, ән қалың жұртқа жетпей жатыр.

Бірақ айтамын деген әншіге шырқауға



болады, нотасы Шәмшінің ән жинақтарынан табылуы тиіс. «Жарқырайды Жезқазған» әнін қашан естиді екенбіз?

Р. С. Шәмшінің Жезқазған сапары туралы дерек пен фотосуреттер белгілі журналист Әшімхан Жампейісовтің фейбуктегі парақшасынан алынды.

СПОРТ



«АСТАНА» БРЕСТІ АЛА АЛМАДЫ

» УЕФА аясындағы Чемпиондар лигасының бірінші кезеңінде Брест қаласының «Динамо» командасымен ойнаған «Астана» мәртебелі турнирден шығып қалды. Қазақстанның алты дүркін чемпионы 6:3 есебімен ұтылды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

COVID-19 жағдайына байланысты ережеге сәйкес өткізілген жеребе бойынша астаналық клуб бірінші ойынды сырт алаңда өткізетін болған. Сондай-ақ келесі айналымға шығатын команда бір ойынның нәтижесімен анықталатын еді.

Негізі мамандардың пікірінше, бұл кездесуде «Астана» жеңіске жету-

ге тиіс болатын. Алайда «астаналықтар» Брест алаңында оңбай ұтылды. Бірінші таймның ортасына жетпей-ақ «Динамо» шабуылшылары үш гол соғып үлгерді. Одан әрі жағдай тіптен қиындап Беларусь футболшылары тағы үш гол соқты. Дегенмен біздің футболшылар да үш мәрте қарсыластар қақпашысын қапыда қалдырды. Алайда бұл жай ғана жұбаныш көрсеткішіндей болғаны анық. Сонымен, Еуропаның ең

беделді клубтық турнирінен «Астана» шығып қалды.

«Астана» енді қайтадан жалғасқан Қазақстан чемпионатына алаңсыз қатысатын болды. Елордалық команда ұлттық біріншіліктегі келесі ойынның 22 тамызда Көкшетаудың «Оқжетпес» клубына қарсы өткізеді. Ал премьер-лиганың төртінші турында мынандай нәтижелер тіркелді: «Қайрат» – «Каспий» 3:0, «Жетісу» – «Ордабасы» 2:3, «Тараз» – «Қызылжар» 0:0.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**
Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**
Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы – 15 000
Тапсырыс №98
Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com
Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06
astana.akshamy@mail.ru